

САРАПТАМА



Саяси-әлеуметтік институт:
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС
МИССИЯСЫ

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №34-35 (6597) 18 сәуір, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

САРАПТАМА

ҚАЙТҚАН ҚАРАЖАТТА ҚАЙЫР БАР...

Қайтарылған активтер әлеуметтік салаға бағытталуда



(Дереккөз: Gov.kz)

14 сәуірде
ҚР Премьер-министрі
Олжас Бектеновтің
төрағалығымен Заңсыз
иемденілген активтерді
мемлекетке қайтару
жөніндегі комиссияның
кезекті отырысы өтті.

Жиында комиссия мүшелері заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару барысы талқыланды. Құзырлы органдардың есебі тыңдалды. Президент Жолдауларында тұжырымдалғандай, активтерді қайтару – инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуы тиіс. Сондықтан Үкімет пен өзге де мемлекеттік органдар бұл бағытқа ерекше маңыз беріп отыр.

2

«ALMATY HALF MARATHON – 2025»

Community Almaty Run жобасы:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Марафонға әлемнің 40-тан астам елінен 10 мыңға жуық жүгіруші қатысады

Алматы «Almaty Half Marathon – 2025» марафонына дайындалып жатыр. Бұл біздің елдегі Almaty Marathon-нан кейінгі ең ірі спорттық оқиға болмақ. Іс-шараның ұйымдастырушысы – «Смелость быть первым» корпоративтік қоры.

Нұржамал Әліш

Осы маусымда Community Almaty Run жобасы іске қосылды. Бұл – жүгіруді ұнататын адамдардың қауымдастығы. Мұнда қатысушылар тәжірибе алмасады, бір-біріне қолдау көрсетеді және қор ұйымдастыратын жарыстарға бірге дайындалады.

Ұйымдастырушылар әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікке ерекше назар аударады. Қатысушылар өздерімен бірге алып келетін артық киімдерін ауырсынса, старт алаңында қалдыра алады. Әрбір кластердің жанында киім жинау аймағы орнатылмақ. «Тепло» жобасының қызметкерлері барлық киімді мұқият жинап, сұрыптап, оларды көмекке мұқтаж адамдарға жеткізеді.

Айтпақшы, «Смелость быть первым» қоры бір рет пайдаланылатын құрылымдардан бас тартып, іс-шараларда қайта өңдеуге арналған контейнерлер орнатып, биологиялық ыдырайтын материалдарға көшті. Былтыр ұйым іс-шаралардан шыққан CO₂ қалдықтарын 376,4 кг-ға азайтты.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ҚАЗЫБАЕВА, қор өкілі:

ҚОЛДАУ МЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ

Мақсатымыз – тек спорттық жетістіктерге жету ғана емес, сонымен қатар өзара қолдау мен жанашырлыққа негізделген қауымдастық қалыптастыру. Қайырымдылық боксына киім қалдыру секілді қарапайым әрекеттің өзі біреудің өмірін өзгертуі мүмкін. Биыл қаңтар, ақпан және наурыз айларында «Тепло» жобасымен бірлесіп 503 келі киім жиналып, 114 адамға нақты көмек көрсетілді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

18.04.2025

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

19.04.2025

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

20.04.2025

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





ҚАЙТҚАН ҚАРАЖАТТА ҚАЙЫР БАР...

Қайтарылған активтер әлеуметтік салаға бағытталуда

(Басы 1-бетте)

Қандай жобалар инвестицияланады?

Қайтарылған активтерді басқару компаниясының мәліметінше, осы күнге дейін шамамен, 610 млрд теңгенің активтері қайтарылған. Оның ішінде 506 млрд теңге көлемінде ақшалай қаражат, ал құны 103 млрд теңгеден астам мүлік бар. Жиналған қаражат әлеуметтік жобаларға инвестициялануда. Атап өтер болсақ, қаражат білім беру, денсаулық сақтау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы 280 әлеуметтік нысанды салуға, сондай-ақ коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға бөлінген.

ҚР Үкіметінің ресми сайтында 2024 жылдың қарашасынан бері қайтарылған активтер қайда жұмсалып жатқаны туралы ақпарат берілген. Мысалы, былтыр Үкімет Ақтөбе қаласында ерекше балаларға арналған арнайы балабақша салуға шамамен, 7,8 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдаған. Сондай-ақ, Риддердегі аурухана кешенінің құрылысын аяқтауға қайтарылған активтерден 28 млрд-тан астам теңге бөлсе, Атырау, Ұлытау және Жетісу облыстарында жаңа мектеп салуға да қаражат бөлінген. Бұдан бөлек, Атырауда облыстық жедел медициналық көмек көрсету стансасын салуға 4,6 млрд теңге бөлінді.

Кезекті отырыста Комиссия заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке ерікті түрде қайтару туралы бірқатар келісім жасауды мақұлдаған. Комиссия жұмысы заңды түрде жабық. Сондықтан қандай келісімдер екені бізге беймәлім. Ал қайтарылған қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайлы ақпарат ашық айтылуда.

Бұдан бөлек, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң субъектілері Қазақстан экономикасына \$10,5 млрд инвестиция салу бойынша міндеттеме алғаны хабарланды. Бұл алда-



ғы уақытта да жаңа әлеуметтік нысандар салынады деген сөз. Мұндағы заң субъектілері дегеніміз иемденуі күмән тудыратын активтерге, мүлікке ие тұлғалар екенін еске салған жөн.

Сондай-ақ, комиссия отырысында жалпы сомасы 84 млрд теңгеден астам активтерді мемлекет кірісіне айналдыру туралы сотқа талап-арыз беру туралы шешім қабылданған. Бұл аталмыш үдерістің ұзақ уақыт алатынын дәлелдейді. Себебі, активтерді қайтаруда Қазақстан өркениетті жолды таңдаған. Саяси қысым көрсетуден бас тартқан. Бәрі сот арқылы құқықтық арнада қайтарылады.

Заңнамалық база

Заңсыз иемделінген активтерді қайтару мәселесі Президенттің басты назарында. Оған жауапты институт – «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі комиссия». Комиссияны Премьер-министр басқарып, төрағалық етеді. Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің төрағасы

хатшылық қызмет атқарады. Бұдан бөлек, комиссия құрамына Бас прокурор, Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі, Ұлттық Банк төрағасы, ҰҚК төрағасы, қоғам қайраткерлері және өзге де мемлекеттік орган басшылары кіреді.

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару үдерісінің заңнамалық базасы 2023 жылы қалыптасты. Сол жылы 12 шілдеде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды.

Комиссиядан бөлек, негізгі органдардың бірі – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті. Комитет 2023 жылы қазанда құрылған. Құзырлы орган активтерді қайтару үдерісімен тікелей айналысады.

Кім басқарады?

2023 жылы қыркүйекте Қайтарылған активтерді басқару жөніндегі компания құрылды. Компания ҚР Қаржы ми-

нистрлігіне, яғни Үкіметке бағынышты жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Сондықтан Үкімет қайтарылған активтерді өзі басқарады.

Активтерді жинау мақсатында Арнаулы мемлекеттік қор құрылған. Жалпақ тілімен айтсақ, арнайы шот ашылған.

• «Арнаулы мемлекеттік қор – ҚР Бюджет кодексіне сәйкес Қаржы министрлігінде Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ еліміздің заңнамасында айқындалған тәртіппен активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның шығыстарын қаржыландыру мақсатында ақшаның түсімдері мен шығыстарын есептеу үшін ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты».

2024 жылдың 9 қыркүйегіндегі жағдайға сәйкес қордағы қаражат сомасы 176,3 млрд теңге болған. Атап айтқанда, басқарушы компаниядан 5,7 млрд теңге түскен, оның ішінде активтерді сатудан 5,559 млрд теңге жиналса, активтерді басқарудан 141 млн теңге кіріс келген.

Қордағы қаражат қалай бөлінеді?

Бұл мәселе республикалық бюджет комиссиясында орталық мемлекеттік органдардың ұсынысымен ҚР Бюджет кодексіне сәйкес қарастырылады.

Қорыта айтқанда, заңсыз иемденілген активтерді қайтару үдерісі күрделі, әрі ұзақ уақытты талап етеді. Бұл ұзақ уақытқа созылатын келіссөздер, сот және активтерді басқару үдерістерін қамтиды. Соған қарамастан, қазірдің өзінде оның нәтижесін көруге болады.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ЖҮЗДЕСУ

Инклюзивті білім беру:

МАҢЫЗДЫ БАҒДАР

Мәжіліс депутаттары студенттермен кездесті



Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде Парламент Мәжілісінің депутаттары Серік Егізбаевпен және Таңсәуле Ғабдыманапұлымен кездесу өтті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жиын барысында халық қалаулылары студенттермен ашық диалог орнату арқылы олардың ұсыныстарын тыңдап, еліміздегі білім беру мәселелерін талқылады.

Депутаттар жастардың сұра-

ғына жауап беріп, қазіргі таңда жүзеге асып жатқан реформалар туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Бастысы, қоғамда инклюзивті орта қалыптастырып, мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуетін дамыту туралы сөз қозғады. Өз кезегінде Таңсәуле Ғабдыманапұлы инклюзивті білім берудің маңызына тоқталып, жастардың қоғам өміріне белсене араласуына жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Таңсәуле ҒАБДЫМАНАПҰЛЫ, Парламент Мәжілісінің депутаты, әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, Инклюзивті парламент тобының төраға орынбасары:

Білім алуда шекара болмауы керек

Бұрын бұл салада «көмек» ұғымы жиі қолданылса, қазіргі уақытта «қолдау» алдыңғы орынға шықты. Неге десеңіз, елімізде 737 мыңға жуық мүгедектігі бар азамат бар, 420 мыңы – еңбекке қабілетті жастар. Олардың қоғамға толық интеграциялануы, ең алдымен, білім алуына байланысты болады. Өзім осы университеттің түлегімін. Білім беру бағдарламаларының мүгедектігі бар азаматтарға лайықты не лайық еместігіне ерекше мән беремін.

Мысалы, бұл оқу орнында 55 мамандық болса, соның барлығы ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға да бейімделген. Қазіргі таңда зағип жандар, есту және сөйлеу қабілеті шектеулі азаматтар, тірек-қимыл жүйесі бұзылған және басқа да ерекше қажеттілігі бар азаматтар қатарластарымен тең дәрежеде білім алуда. Бұл тек бакалавр деңгейімен шектелмейді. Болашақта магистратура мен докторантура деңгейлерінде де инклюзивті білім беру мәселесі кеңінен қозғалады. Қоғамда инклюзияны дамыту үшін ең алдымен заңнамалық өзгерістер қажет. Президенттің жаңа реформаларындағы басты бағыттардың бірі – ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың Парламент жұмысына қатысуы. Әрбір заң жобасында инклюзия нормаларын ескеріп, олардың өмірдің барлық саласына қатысуына жағдай жасауымыз керек. Бұған инфрақұрылым, білім, қызмет көрсету салалары кіреді.

Жақында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнайы Білім туралы заң жобасын дайындауды тапсырды. Бұл – маңызды қадам. Өйткені, жылдан-жылға ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдау артып келеді. Оның ішінде ақыл-ой кемістігі бар балалар да бар. Осы азаматтарға сапалы білім беру арқылы оларды өмірге бейімдеу – қоғам алдындағы борышымыз.



Саяси-әлеуметтік институт:

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МИССИЯСЫ

халықтың мемлекеттік шешімдерге қатысу мүмкіндігін кеңейту және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету

Қоғамдық кеңес форматындағы жергілікті билік пен халық арасындағы байланыстың өзара қалыптасуы әлемдік тәжірибеде көптеген елдер мысалында тиімді жұмыс жасап, өзіндік, жергілікті құндылықтарды ескере отырып қалыптасқан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын ел халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, соның ішінде қоғамдық кеңестердің қызметін дамытуға айрықша назар аударып келеді. Елімізде «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының қабылданғанына да биыл – 10 жыл!

Осы мерзім бойына елімізде қоғамдық кеңестердің ықпалы мен мазмұны артып,

2021 жылы заңнамаға толықтырулар енгізіліп, қоғамдық кеңес рөлі нақты мемлекет тарапынан шешім қабылдау мәселесіне тікелей қатысатын арнайы кеңес ретінде анықталды. Алғаш рет тек мемлекеттік органдарда ғана емес, квазимемлекеттік 13 ұлттық компания жанынан қоғамдық кеңестер құрылды.


Мүдде – бір, мақсат – айқын

Еліміздің барлық аймақтарында жұмыс жасап келе жатқан қоғамдық кеңестердің мүддесі – бір, мақсаты – айқын. Басты миссиясы – халықтың мемлекеттік шешімдерге қатысу мүмкіндігін кеңейту және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету. Себебі, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, белсенді азаматтық

Қазіргі таңдағы Қоғамдық кеңестер қызметінің толық жүйеленуі бойынша басты мәселелердің бірі, біздің ойымызша, заңды мәртебесінің нақты айқындалмағанында. Себебі, қоғамдық кеңес әлеуметтік консультативтік кеңес деп өзін атағанымен, оны жеке-дара әлеуметтік институт ретінде толық қарастыратындай деңгейге жете қойған жоқ.

Мемлекет пен қоғам арасындағы диалог

Еліміздегі қоғамдық кеңестер даму кезеңін бастан өткеріп жатыр. Олардың жұмысына қолбайлау болып отырған қаржыландыру, іссапарлар үшін ақы төлеу сияқты түйінді мәселелер шешімін тапса, қоғамдық кеңестердің ықпалы арта түсетіні сөзсіз.



Еліміздегі қоғамдық кеңестер туралы дерек. (Дереккөз: rankings.kz)

жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде саяси-әлеуметтік институт ретінде қалыптасты. Ендеше, араға он жыл салып, сонау 2015 жылы елімізде сарапшылар мен қоғам белсенділері арасында кеңінен талқыланды қоғамдық кеңес институтының қызметіне баға беріп, өткені мен бүгінін таразылай аламыз. Мемлекет басшысы ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жүзеге асуында жергілікті қоғамдық кеңестердің рөлі тіптен артып отыр.

Алайда, еліміздің барлық өңірінде қоғамдық кеңестердің ықпалы мен рөлі бірдей болмай отыр. Осы тұрғыда еліміздегі қоғамдық кеңес институттары арасында өзара тәжірибе алмасуды қалыптастыру үшін БАҚ беттерінде кеңінен талқылап, маңызы мен мазмұнын кеңейте түсуіміз керек. Мақаламызда еліміздегі қоғамдық кеңестер институты қызметінің ықпалы мен мазмұнын талдап көрелік.

■ «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңы 2015 жылы 2 қарашада қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

■ Бүгінде елімізде жалпы 253 қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Оның ішінде 18-і республикалық деңгейде, 216-сы облыстық, қалалық және аудандық деңгейде.

қоғам институттарынсыз транспарентті, демократиялық қоғам қалыптастыру мүмкін емес. Қоғамдық кеңес жұмысының тиімділігі жергілікті кеңес мүшелерінің белсенділігімен ғана емес, тұтас өңір халқының талапшылдығы мен жергілікті әкімнің жауапкершілігіне тікелей байланысты. Былтыр Қоғамдық даму институты жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 87,8%-ы Қоғамдық кеңестердің жұмысына оң баға бергені анықталды. Алайда, сауалнамаға қатысушылардың 82,1%-ы маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылау үшін Қоғамдық кеңестерге жүгінбегенін мәлімдеген. Бұл дегеніміз, Қоғамдық кеңестердің жергілікті халықпен етене жұмыс жасап, жұмыс барысын түрлі арналар арқылы жүргізу қажет екендігін көрсетеді.

Жетістіктер аз емес

Тәжірибе көрсеткендей, еліміздегі қоғамдық кеңестердің қызметі әдетте жергілікті әкімдіктің күн тәртібінде тұрған шаралар, мәселелер аясында дамиды. Мәселен, Алматы қаласы мысалында жергілікті қоғамдық кеңес жұмысының негізгі бағыттары – студенттердің жағдайы, жастардың жұмысқа орналасуы, әлеуметтік мектеп, балабақшамен қамтамасыз ету, тағы басқа да бағдарлар аясын қамтыды.

Әу баста заңнаманы талқылау барысында жергілікті азаматтардан жасақталған қоғамдық белсенділер, жергілікті билікпен бірлесе отырып халықтың көкейкесті мәселелерін тиімді шешуде ықпалдасу деп атаған болатын. Бұл тұрғыдан қоғамдық кеңес соңғы онжылдықта толық қызметін атқара алды.

■ Алматы қалалық қоғамдық кеңесі жалпы 42 азаматтан тұрады. 39 азамат азаматтық қоғам тарапынан жасақталса, 3 азамат мемлекеттік билік тарапынан. Осылайша ашық конкурс арқылы таңдалып алынатын қоғамдық кеңес бір жыл бойынша қала халқының мүддесі аясында шаһардың әлеуметтік мәселелерін шешумен айналысады.

Елімізде Қоғамдық кеңестер институты соңғы он жыл ішінде қалыптасып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің маңызды буынына айналды. Мемлекет пен қоғам арасындағы диалог құралы ретінде аталмыш кеңестердің қызметі заңнамалық тұрғыда жетілдіріліп, тәжірибе жүзінде дамуын ескеруіміз қажет. Алайда, қоғамдық кеңестердің әлеуеті әлі толық пайдаланылмаған: халықпен байланыс, құқықтық мәртебе және материалдық қамтамасыз ету мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Осы түйткілдер шешімін тапқанда, Қоғамдық кеңестер халық мүддесін тиімді қорғайтын, шынайы демократиялық институт ретінде қалыптаспақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.

(Дереккөз:
www.egov.kz).



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ДИНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ДІҢГЕГІ

Алматыда келісім мен бейбітшілік қағидаларына арналған конференция өтті

Нұр-Мұбарак Египет Ислам университетінің ұстаздары мен студенттеріне әлемдік діндер съезінің маңызын түсіндіруге арналған бұл кездесудің мақсаты – діндер арасындағы келісім мен бейбітшілік қағидаларын ұғындыру.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан 2003 жылдан бері әр үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының съезін өткізіп келеді. Алғашқы съезге әлемнің 17 елінен 17 делегация қатысқан болса, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш айтарлықтай артып, түрлі мемлекеттерден келетін делегация басшылары мен қатысушылардың саны көбейді.

Бұл ауқымды шара аясында халықаралық қауіпсіздікке дін көшбасшыларының қосар үлесі, әйелдер мен дін мәселесі, қазіргі заманғы бірегейлік дағдарысы жағдайындағы рухани құндылықтардың рөлі, жастар мен дін тақырыптары сынды бірқатар маңызды және өзекті мәселелер кеңінен талқыланады.



◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЖАЛЕЛҰЛЫ, Конфессияаралық және діндер арасындағы диалогты дамыту жөніндегі халықаралық орталық басқармасы төрағасының орынбасары:

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ – БЕЙБІТ ӨМІР КЕПІЛІ

Бүгінгі іс-шараның мақсаты – студенттер мен ұстаздарға әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің мән-маңызын, мақсатын таныстыру. Мұндай ауқымды дінаралық форум әлемде тек Қазақстанда ғана ұйымдастырылады. Мақсат – осындай маңызды шаралар арқылы дінаралық келісім мен бейбітшілікті насихаттау. Бізде осы уақытқа дейін діни алауыздық, қақтығыстар болған жоқ. Бұл – мемлекетіміздің дұрыс саясаты мен конфессияаралық тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырған мемлекеттік органдар мен діни қауымдастықтардың ортақ еңбегі.

Кездесу аясында Нұр-Мұбарак университетінің шәкірттеріне тек ислам діні аясында ғана емес, өзге діндерге құрметпен қараудың маңызын жеткізіміз келді. Католик, православ өкілдерімен де тығыз байланыстамыз. Олар зайырлы қоғамды құрметтейді. Сондай-ақ, атеистік көзқарастағы адамдарға қатысты да түсіністік қажет. Олар да – қоғамның мүшесі. Біз ешбір дін өкілі тарапынан атеистерді кемсіту не шеттету керек деген пікірді естімедік.





АҚОРДА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҮКІМЕТТІҢ МІНДЕТІ –

халықтың әл-ауқатын төмендетуге жол бермеу

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

МЕДИАЖОБА

II ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕДИАФОРУМЫ
ақпараттық ынтымақтастық алаңы

Астанада ұйымдастырылған II Орталық Азия медиафорумына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ұлыбритания, Қытай, Катар, Ресей және басқа да елдерден журналистер, медиа компания басшылары, саясаткерлер, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен беделді сарапшылардан тұратын 700-ден астам қатысушы жиналды.

Форумның мақсаты – Орталық Азия медиа өкілдері мен халықаралық серіктестер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, цифрлық трансформацияның өңірлік ақпараттық кеңістікке әсерін талқылау, сондай-ақ климаттың өзгеруі мен геосаяси тұрақсыздық сияқты жаһандық сын-қатерлерді қарастыру.

Форум Орталық Азия елдерінің ақпарат министрлерінің жұмыс бабы бойынша кездесуінен басталды. Спикерлер қатарында – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан салалық ведомстволарының өкілдері және өңірдің негізгі медиа құрылымдарының жетекшілері бар. Іс-шараның ашылу рәсімінде Аида Балаева форумды ақпараттық ынтымақтастыққа арналған біре-



гей алаң екенін атап өтіп, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бастамасы арқасында бірлескен медиажобалар жасау мен гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары жандана түскенін айтты. Орталық Азиядағы гуманитарлық ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті. Бірлескен медиажобалар жүзеге асырылып жатыр.

Атап айтсақ, Астанада «Euronews»-тің Орталық Азия бойынша өкілдігі ашылды, мәдениет күндері өткізіліп, арналар трансляциясы кеңеюде, креативті индустрия

дамып келеді және жалған ақпаратпен күрес жұмыстары күшейтілуде. Сондай-ақ, ақпараттық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және медиа саласындағы өзара байланысты дамыту мақсатында бірқатар жобалар талқыланып, жоспарланды. Олардың қатарында – Орталық Азия журналистика академиясын құру, креативті индустрияны дамыту, өңірлік журналистика сыйлығын тағайындау, жаңа тележобаларды іске асыру және өңір елдерінің контентін халықаралық медиаплатформаларда кеңінен таныту мәселелері бар.

Форум аясында болашақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру, жасанды интеллект пен көп деректер дәуіріндегі медиа саласының цифрлық трансформациясы, елдің имиджін қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің рөлі және басқа да мәселелерді қарастыру жобаланған. Республикалық және Орталық Азия медиа өкілдері мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған шеберлік сабақтарының да маңызы зор. Спикерлер – Ұлыбритания, АҚШ және Ресейден келген танымал сарапшылар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: КР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі:Бірегей бастама,
жаңа мүмкіндіктер

Бүгінгі форум өзекті мәселелерді ашық талқылап қана қоймай, аймақтағы бірлескен ақпараттық жұмыстың ортақ тәсілдерін әзірлей алатын бірегей алаңға айналды. Орталық Азия көшбасшылары деңгейінде ақпараттық саладағы ынтымақтастықты жандандыру мәселесі бірнеше рет талқыланып, мәлім. Былтыр Астанада өткен Консультативтік кездесуде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен медиаөнімдер жасау туралы бастама көтерді. Қазақстан Орталық Азияның ортақ телеарнасын құру және аймақтың әлеуеті, осы аумақта тұратын халықтардың достығы мен бірлігі туралы хабардар ететін тележобаларды, сондай-ақ біздің халықтарымыздың тарихы мен ерекшелігі туралы танымдық теле-радио бағдарламалар топтамасын дайындау идеясын қолдады. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері өңірдегі ақпараттық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен телеарна мен өңірлік медиаплатформаны іске қосу мүмкіндігін қарастыру үстінде.





ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 30 ЖЫЛ!

ОРТАҚ ИГІЛІК

Алматыда жаңа Достық үйі салынады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Достық үйінде елімізде этносаралық келісімді дамытуға айтарлықтай үлес қосқан этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне, мәслихат депутаттарына және Ассамблея ардагерлеріне «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 30 жыл!» мерейтойлық медалін табыс етті.

Алқалы жиында сөз алған шаһар басшысы Ассамблеяның соңғы отыз жылда халық дипломатиясы мен диалогтың пәрменді институтына айналғанын, «Әралуандықтағы бірлік» қағидатын нығайтып, жаһандық сын-қатер жағдайында тұрақтылықтың негізі болып отырғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Ассамблеяның халықтық дипломатияның бірегей институты ретінде маңыздылығын әрдайым атап өтеді. 1995 жылғы 1 наурызда Алматыда – Қазақстан тәуелсіздігінің бесігі саналған қалада Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Қазақстан Президентінің Жарлығына қол қойылды. Дәл осы қаламызда кейіннен мемлекеттік саясаттың бір бөлігіне айналған және елдің тұрақтылығы мен дамуының басты факторына айналған ұлтаралық келісім мен бірліктің бірегей қазақстандық үлгісінің іргетасы қаланды, – деді Ерболат Досаев.



Қала басшысы Қазақстан Президентінің атынан Ассамблея өкілдеріне еліміздің дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтты. Оның пікірінше, мерейтойлық марапаттар – бейбітшілік, бірлік пен ұлтаралық үйлесім жолындағы адал қызмет үшін берілген жоғары мемлекеттік баға. Мегаполистің алдағы дамуының маңызды бағыты – этномәдени бірлестіктерге арналған заманауи инфрақұрылымды қалыптастыру болмақ. Осы ретте Алматы қаласының әкімі шаһарда жаңа Достық үйін салу жоспары бар екенін мәлімдеді. Спикер атап өткендей, бүгінде қалада 30-

дан астам этномәдени бірлестік Достық үйінде белсенді жұмыс жүргізуде. Оларды заманауи, мәдени алмасу орталығы болатын, ашықтық пен әралуандыққа құрметтің символына айналатын алаңмен қамтамасыз ету маңызды басымдық. Сондай-ақ, Алматыда қалалық ҚХА қолдауымен төрт ұлттық театр мен жеті этностық БАҚ редакциясы табысты жұмыс істеп жатыр. Бұл тілдер мен мәдениетті сақтап, ұлтаралық диалогты нығайтуға ықпал етеді.

Ерболат Досаев азаматтық бастамалар мен қазақстандық бірегейлікті қалыптас-

тыруға бағытталған жобаларға айрықша тоқталды. Алматыда Ассамблеяның қолдауымен білім беру, патриоттық және экологиялық бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Ақсақалдар мен Аналар кеңесі де белсенді жұмыс атқарып отыр. Биыл қалада Республикалық ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің форумы өтеді. «Ынтымақ» депутаттық тобымен бірлесіп, жастарды қолдау бойынша бірқатар бастама іске қосылды. Атап айтқанда, «Қайраткер» жас саясаткер мектебі, «Мәслихат LUB» білім беру жобасы және «Рақмет Жер-Ана!» экологиялық акциясы ұйымдастырылды.

Марапатталғандар жоғары мемлекеттік баға үшін алғыс айтып, бейбітшілік, бірлік және азаматтық бірегейлікті нығайту жолындағы жұмысты жалғастыра беретіндерін жеткізді, ұлтаралық сенім мен рухани бірлік құндылықтарына ерекше маңыз берді.

Жиын барысында этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымдарының өкілдері де өздеріне қолдау көрсеткені үшін ризашылық білдіріп, Алматының қоғамдық және мәдени бастамалардың флагманы ретіндегі рөлін жоғары бағалады. Мәселен, «Алматы корей ұлттық орталығы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Георгий Кан қазақ халқының қонақжайлылығы мен мейірімділігі, сондай-ақ өзге этностардың алғысы мен ризашылығы – Ассамблеяның тірегі болып табылатын достық, өзара түсіністік пен ашықтықтың негізі екенін атап өтті. Ал қаладағы «Ассамблея жастары» РҚБ өкілі Рустам Қайрыев жастардың ең мықты бастамалары Алматыда басталатынын айтып, алып мегаполис тәжірибесі еліміздің басқа өңірлеріне үлгі болып отырғанын жеткізді.

• **Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі этносаралық келісімді және бірлікті нығайтуға бағытталған тиімді қоғамдық институт, ортақ игілік. Ассамблея азаматтық қоғамды қалыптастыруда және жастарды өзара түсіністік пен құрмет қағидаттарына тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана АНАНЬЕВА,
ҚХА Алматыдағы Ғылыми-сараптамалық тобы
төрағасының орынбасары:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ КОДЫ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ КҮШЕЙТЕДІ



Алматы – Қазақстан халқы Ассамблеясының құндылықтары қалыптасатын әрі нығайтылатын кеңістік. Мұнда бүкіл елге үлгі бола алатын этносаралық келісім тәжірибелері жүзеге асырылады. Алматы – бірлік, азаматтық келісім және этносаралық өзара іс-қимыл идеяларын ілгерілетуге арналған бірегей алаң. Мұнда этностар арасындағы өзара іс-қимылға қатысты аса маңызды үдерістер жүреді, ұлтаралық диалогты және қоғамның тұрақтылығын нығайтуға бағытталған бастамалар жүзеге асырылады. Алматыда іске асырылып жатқан нақты қадамдар мен ашық алаңдар арқылы қазақстандық келісімнің жанды моделі қалыптасуда, бұл үлгіні елдің басқа аймақтары да қабылдап, дамытып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуметтік-мәдени және этносаралық өзара әрекеттестік тәжірибесі – БҰҰ мен бірқатар беделді халықаралық ұйымда таныстырылған бірегей үлгі. Бұл тәжірибе әлемнің көптеген елдерін қызықтырады.

Қазақстан халқы – әлемдік рухани құндылықтар мен жалпыадамзаттық өркениетке зор үлес қосқан халық, оның баға жетпес мәдени мұрасы бар. Бұл мұра – халықтың мәдени кодын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Бізге жаңашылдыққа ашықтық пен бастауымызды сақтауға деген ұмтылыс тән. Қазақтың мәдени кодына мейірімділік пен қонақжайлық, кешірімділік пен көмекке мұқтаж жанға қолұшын созуға дайын болу сияқты қасиеттер енеді. Бұл мәдени код Қазақстан мәдениеті мен өнер шеберлерінің туындылары арқылы сақталып, жалғасып келеді.

Қазақ халқының мәдени коды әдебиет пен өнерде көркем бейнесін тауып, этникалық бірегейлікті күшейтеді, көркем бейнелер арқылы оның ерекшелігін ашады. Мәдени код – Қазақстандағы этносаралық төзімділік, мәдениетаралық ынтымақтастық, қоғамдық келісім мен жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтау мен нығайтуға бағытталған.

Георгий КАН,
«Алматы корей ұлттық орталығы»
қоғамдық бірлестігі
төрағасының орынбасары:

ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ҮЛГІСІ

Алматы – қоғамдық келісімнің орталығы және ҚХА моделінің негізі. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастарды басқаруға қазақстандық көзқарасты көрсететін бірегей институтқа айналды. КСРО ыдырағаннан кейін этносаралық қақтығыстар орын алған посткеңестік елдерден айырмашылығы Қазақстан институционалдық көзқарас жолын таңдады. Бірегей форматта құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы тек консультативтік орган ғана емес, конституциялық мәртебесі бар және Мемлекет басшысы басқаратын ұлттық саясаттың толыққанды бөлігі.

ҚХА-ның этносаралық диалог пен өзара түсіністіктің алғашқы орталығы ретінде қалыптасуында Алматының рөлі зор. Этномәдени әртүрлілік тарихи шоғырланған дәл осы қалада кейіннен бүкіл ел бойынша қазақстандық толеранттылық моделінің негізі қаланды. Алматы қоғамдық келісім тетіктерін пысықтау бойынша орталыққа айналды, ал оның тәжірибесі ҚХА-ны институттандыруға негіз болды. Қазақстандағы этносаралық әлемнің іргетасы қазақ халқының тарихи құндылықтары – қонақжайлылық, жанашырлық пен қайырымдылыққа негізделген. Сондықтан бұл қазақстандық модель тұрақты және өміршең болып қала береді. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл тұрақты және ашық қоғам құрудың үлгісі. Ол – бейбітшіліктің, келісімнің және елдің тұрақты дамуының шынайы кепілі.



Рустам ҚАЙРЫЕВ,
Қазақстанның ұйғыр жастары одағының төрағасы:

АЛМАТЫ – БАСТАМАЛАР ДРАЙВЕРІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның жастар қанаты жастарды дамытуға және шоғырландыруға бағытталған маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді орындайды. Алматыда жас ұрпақты дамыту үшін барлық жағдай жасалған: жастар ұйымдары бірігіп, өзара іс-қимыл жасайтын жаңа алаңдар ашылуда. Жарқын мысалдардың бірі – Медеу ауданының комьюнити-орталығы. Жастар саясаты басқармасымен болған Меморандум аясында ол Жастар Ассамблеясының басқаруына берілді. Мұнда біз оқыту мен жұмысқа орналасудан бастап, шығармашылық қауымдастықтар мен тіл клубтарына дейінгі жобалардың толық спектрін жүзеге асырамыз. Қазірдің өзінде 1200-ден астам жас жұмысқа орналастырылған, 2000-ға жуығы тегін курстарда жаңа дағдыларға үйретілген. Орталық шығармашылық қауымдастықтарды – суретшілерді, мобилографтарды, актерлерді дамыту алаңына айналды.

Вокал, шешендік өнер, қазақ және ағылшын тілдерін оқыту, оның ішінде қалалық Африка орталығымен серіктестікте сабақтар ашылды. Алматы мәслихатымен бірлесіп жас саясаткерлердің «Қайраткер» мектебі жобасын бастадық. Онда жастар бірегей тәжірибе алады: отырыстарға қатысады, депутаттардың қоғамдық көмекшілеріне айналады және заманауи коучинг форматында оқиды. Мақсатымыз – жастардың дамуына жан-жақты ықпал ету. Бұл қазіргі қаладағы кез келген қоғамдық құрылымдар жұмысының маңызды бөлігі.

Жастар Ассамблеясы креативті индустрияларды белсенді дамытуда. Jastar Generation халықаралық лагері, болашақтың ТОП-50 кәсіптерінің кәсіптік бағдарлау бағдарламасы және креативтегі елшілік бастамасы сияқты жобалар 9000-нан астам жастарды қамтиды. Сонымен қатар, аймақтар да біздің тәжірибемізге қызығушылық танытуда, олар бізге кеңес алу үшін келеді.

Біз экология мәселелеріне де ерекше көңіл бөлеміз. Алматы – «Таза Қазақстан», «Рахмет, Жер-Ана», «Батарейны тапсыр – жердің денсаулығын сақта» акцияларының және жастарды орнықты даму идеясы төңірегінде біріктіретін басқа да бастамалардың флагманы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Президент тапсырмасы:

АЛМАТЫ – ЗАМАНАУИ ТУРИСТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ

Бұған дейін «Almaty aqshamy» Үкімет отырысында қаралған елімізде туризм саласын цифрландыру және дамыту жөніндегі шаралар жайлы материал жариялаған еді. Бүгін сол алқалы жиында ерекше назар аударылған тағы бір маңызды бағдардың бірі – Мемлекет басшысының Алматы қаласын дамыту және мегаполис экономикасын әртараптандыру мақсатында туристік әлеуетті тиімді пайдалану, шаһарды заманауи туристік және мәдени орталыққа айналдыру жөніндегі тапсырмаларының орындалуы хақында сөз қозғамақпыз.

Туризм ел экономикасының өсуіне жаңаша серпін беретін салаға айналуы қажеттігін қадап айтқан Үкімет басшысы Олжас Бектенов туристік саланың айтарлықтай әлеуеті барын және туризм ел экономикасының өсуіне жаңаша серпін беретін салаға айналуы тиіс екенін атап өтті. «Қазақстан – тарихы терең, табиғаты әсем, мәдениет пен салт-дәстүрге бай мемлекет. Ұлан-ғайыр даламыздың әр қиырында туристерді қызықтыратын көрікті жерлер көп. Сондықтан туризм ел экономикасының өсуіне жаңаша серпін беретін салаға айналуы қажет. Бұл ретте Қазақстандағы туризмнің дамуәлеуеті өте жоғары. Соңғы 5 жылда туристердің саны 7,5 есеге өсті. Биылғы елімізге 15 млн-нан астам адам саяхаттап келді», – деді Премьер-министр.

АЛМАТЫҒА ТУРИСТЕРДІҢ РЕКОРДТЫҚ САНЫ КЕЛДІ

Жиында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мәлімдегендей, өткен жылы Алматының туристік саласы қарқынды өсім көрсеткен. 2024 жылы туристердің жалпы саны 14,8%-ға өсіп, 2,3 млн туристі құраған екен.

«Шетелдік туристер саны 27%-ға артып, 680 мыңнан астам адамға жетті. Ішкі туристер саны 10,4%-ға артып, 1,6 млн адамнан асты. Нәтижесінде көрсетілген туристік қызметтер көлемі 30%-ға өсіп, 96,3 млрд теңгені құрады. Алматыға Үндістан, Қытай, АҚШ, Түркия, Оңтүстік Кореядан туристер келеді», – деді шаһар басшысы.

Оның айтуынша, туризмді дамыту инвестициялардың өсуін ынталандырған: саланың негізгі капиталына 110,9 млрд теңге салынды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 2,1%-ға артық. Туризмнен түсетін салық түсімдері 92,1%-ға өскен. Туристік салада 83,5 мың адам жұмыспен қамтылған, орташа жалақы көлемі 480 мың теңгені құрайды. 2025 жылы шетелдік туристер саны 10%-ға артып, 750 мың адамға дейін өседі деген болжам бар.

• **Туристерге арналған бірыңғай мобильді қосымша мегаполистің барлық қалалық қызметтерін біріктіреді.**

Ерболат Досаев қаланың туристік сервистерінің цифрлық платформасының өзегіне айналатын SuperApp мобильді қосымшасын құруды ұсынды: «Бұл тұрғындарға да, туристерге де ыңғайлылықты қамтамасыз ете отырып, барлық қалалық қызметтерге қол жеткізу үшін негізгі цифрлық платформа болады».

Шаһар басшысы SuperApp-тың басым бағыттарының бірі – туристік модульді дамытып, барлық негізгі сервистерді бір-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ыңғай цифрлық экосистемаға біріктіретінін атап өтті. Пайдаланушыларға мәдени және спорттық іс-шараларға билет сатып алу, цифрланған жолдар мен туристік бағыттар бойынша маршруттарды зерттеп, жоспарлау, Алматы бойынша турлар мен экскурсияларды брондау, қаланың көрнекті жерлерімен VR-серуен жасау сияқты функциялар қарастырылған. 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қосымшаға 113 мәдени және спорттық нысандарды біріктіру жоспарлануда, бұл демалысты жоспарлауға қолжетімді және ыңғайлы етеді.

ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ

Шаһар басшысы туризм саласын дамытудағы әкімдік жұмысының басым бағыты – туристік ағынды цифрлық басқару болып саналатынын хабарлады. Бұл тұрғыда MasterCard Advisors компаниясының Tourism & Insights платформасын пайдалана отырып, MasterCard халықаралық компаниясымен серіктестікті енгізу маңызды кезең болды. Платформа туристерді тартудың тиімді шараларын әзірлеу

үшін мақсатты топтардың тенденциялары мен қажеттіліктерін бақылауға мүмкіндік береді. Ерболат Досаевтың айтуынша, іскер туристердің орташа тәуліктік шығындары шамамен, 880 долларды құрайды, бұл қарапайым саяхатшылардың шығындарынан 2,8 есе көп. Бұл ретте іскер туристердің қалада болу ұзақтығы 2 күнмен шектеледі, ал демалу мақсатында саяхаттайтын туристер қалада орта есеппен 5 күн болады. Осыған қарамастан, іскер туристердің жалпы шығын көлемі 54%-ды құрайды, олардың жалпы туристер арасындағы үлесі – 46%. Ерболат Досаев мәлімдегендей, «бұл бағыт төлем қабілеті жоғары және қаланың экономикасына елеулі үлес қосатын туристерді тартуға мүмкіндік беретін MICE-туризмнің маңыздылығын айқындайды. Осыған байланысты Алматы қаласының маркетинг кампаниясы бизнес туристерді белсенді түрде тартуға бағытталған».

• **Мегаполисте қонақүй қызметіне қанағаттану индексі 5%-ға өсіп, 49,3%-ға жеткен. Бұл көрсеткішті жақсартуға мүмкіндік бар.**

• Сондай-ақ, туристердің қайтадан оралу көрсеткіші үлесінің өсуі – 78%-ға артып, 25%-ға дейін жеткен және GTPI (Global Tourism Performance Index) индексі 4%-ға өсіп, 67,5%-ды құрады. Бұл сандар Алматыдағы туристік тәжірибенің жоғары деңгейін және қонақтардың қалаға қайта оралуға дайын екендігін көрсетеді.

МӘДЕНИ АСТАНА МӘРТЕБЕСІ

Алматыда туристік инфрақұрылымды кеңейту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы жеке инвестициялар есебінен қалада жалпы саны 836 нөмірді құрайтын 35 орналастыру орны ашылды. Қосымша таңда 5,6 мыңнан астам нөмірге арналған 40 қонақүй құрылыс жобасы жүзеге асырылуда, оның ішінде 10 қонақүйді 2025 жылы ашу жоспарланып отыр. Алматыда туристік қызметтердің экспортын арттыру үшін іскерлік және іс-шаралық туризм белсенді дамуда. Бүгінгі таңда MICE және EVENT инфрақұрылымы бойынша 27 жоба іске асырылуда.

– Қаламыздағы маңызды нысандар Almaty Museum of Arts және «Целинный» заманауи мәдениет орталығының 2025 жылдың мамыр айында құрылысын аяқтауы – Алматыны еліміздің мәдени астанасы ретінде айқындайды. Қаланың негізгі инфрақұрылым нысандарын жаңғырту жалғасуда. Биыл «Медеу» мұз кешенін және «Орталық стадионды» 35 мың көрерменге дейін ұлғайта отырып модернизациялау жұмыстары басталады. Жұмыстардың аяқталуы 2027 жылға жоспарланған, – деп түйіндеді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Үкімет отырысында Алматыдағы Pioneer отбасылық курортының басшысы Мұрат Қаратай бүгінде Қазақстанда балалар мен отбасылық туризмді дамыту мәселесі өзекті екенін, жыл сайын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны артып келе жатқанын, олардың саны 300 мыңнан асқанын мәлімдеді. Алматы тау кластері модельді кеңейтуге, отбасыларға, балаларға, қауіпсіздікке және әлеуметтік инклюзияға бағдарланған жаңа үлгідегі мамандандырылған курорттарды дамытуда шешуші рөл атқара алатынын айтты. Елімізде инклюзивті және балалар курорттарының желісін құруды, сондай-ақ инклюзивті және балалар туризмі бойынша мамандар даярлаудың Ұлттық орталығын құруды ұсынды. Бұл ұсыныс Үкімет басшысы тарапынан қолдау тапты: «Алматы тау кластерін дамыту шеңберінде балалар туризмі үшін, оның ішінде ерекше балалар үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету қажет», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жиында сондай-ақ, оқиғалық туризмді дамытудан күтілетін экономикалық нәтиже де ұсынылды. Оқиғалық туризм саласындағы жоспарланған жобалар туралы айтылды. Биылғы жылы оқиғалық туризм саласында Алматыда ірі жоба жоспарланған. Атап айтқанда, «Asran Galaxy» компаниясы Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп 2025 жылы демеушілік негізде 20-дан астам жарық дрон-шоуын өткізуді жоспарлап отыр. Шамамен, 1 млн адамды қамтиды деп күтілуде. Жалпы, жиында тұжырымдалғандай, оқиғалық туризм жай ғана ойын-сауық емес, қуатты экономикалық құрал және инвестиция. Қазақстан осы салада көшбасшы болу үшін барлық ресурстарға ие.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: primeminister.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Мұрат ҚАРАТАЙ, Pioneer отбасылық курортының басшысы:

ЕЛІМІЗДЕ ИНКЛЮЗИВТІ КУРОРТ ҚҰРУДА АЛМАТЫ ТӘЖІРИБЕСІ МАҢЫЗДЫ

2015 жылы Алматы қаласының Медеу ауданында, Қазақстанның ең көне тау шаңғысы беткейлерінің бірінің базасында Pioneer отбасылық инклюзивті курорты құрылған болатын. Егер мемлекет базалық тау инфрақұрылымын қамтамасыз етсе, Альпі елдерінде ғасырлар бойы қалыптасқан мұндай отбасылық бизнес-кейстер біздің елімізде одан да көп болар еді. Қазақстан біргеғей табиғи ресурстарға ие бола отырып, дәл осындай бағытта дамуы тиіс деп сенеміз. Тауға шығу барлық балалар үшін қолжетімді әрі қауіпсіз болуы керек. Біздің бағдарламаларымыз арқылы 6 мыңнан астам бала өтті. 100-ден астам инструктор дайындадық. Дүниежүзілік банктің қолдауымен ғылыми зерттеу жүргізілді. Бұл – жай ғана сандар емес. Бұл – алғаш рет сөйлеген, жүрген, қарым-қатынасқа түсе бастаған балалар. Бұл – үміті қайта оянған отбасылар.



● КОНФЕРЕНЦИЯ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ОФТАЛЬМОЛОГТАР
БАС ҚОСТЫ

Алматыда «Офтальмологтар мектебі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

Ауқымды іс-шара еліміздегі және алыс-жуық шетелдегі жетекші офтальмология мамандарының басын қосты. Мамандар озық медициналық технологиялармен танысып, офтальмология саласындағы өзекті мәселелерді талқылады, өзара тәжірибе алмасты. Форум аясында қатысушылар клиникалық тәжірибелерінің нәтижелерімен бөлісіп, шеберлік сағаттарын өткізіп, жаңа ғылыми зерттеулерін ұсынды.

Конференцияның ұйымдастырушылары мен идея авторлары – Қазақстан офтальмологтар қоғамының президенті Тұрсынғүл Көпжасарқызы, «Қазақ КСР-інің «Құрмет белгісі» орденді көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің бас директоры Нәйля Ахметқызы және «Қазақстан–Ресей медицина университеті» жекеменшік мекемесінің ректоры Нұрлан Темірбекұлы.

Форум бағдарламасы кең ауқымды тақырыптарды қамтыды. Олардың қатарында глаукоманы емдеу, көздің қасаң қабығы аурулары, офтальмохирургияда инновациялық 3D-технологияларды қолдану және көру жүйке талшықтарын сақтау бойынша заманауи тәсілдер бар.

Іс-шара аясында Тұрсынғүл Көпжасарқызының 70 жылдық мерейтойы да аталып өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова құттықтауын жеткізіп, отандық офтальмологияны дамытуға және жаңа буын мамандарын даярлауға қосқан елеулі үлесі үшін алғысын білдірді.

Мерейтой иесіне Денсаулық сақтау министрі ресми Алғыс хат жолдаса, Мәжіліс депутаттары бейнеқұттықтау жасады. Ал медициналық қауымдастық өкілдері Тұрсынғүл Көпжасарқызын жеке құттықтап, оның кәсіби шеберлігі мен адамгершілікке толы адалдығын ерекше атап өтті.

– Бүгінгі жылы лебіздер мен ықыласқа толы көңіл үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл конференция – жай ғана кәсіби кездесу емес. Оның басты мақсаты – күш біріктіріп, білім көкжиегін кеңейту, тәжірибе алмасу және елімізде офтальмологияны дамытудың жаңа бағыттарын айқындау. Біз тек бірлескен күш-жігермен ғана медициналық көмектің сапасын көтеріп, ұлт саулығына үлес қоса аламыз, – деді Тұрсынғүл Көпжасарқызы.

«Офтальмологтар мектебі» конференциясы ғылыми мазмұнымен қатар, шынайы достық пен әріптестікке толы жылылықпен өтті. Бұл жиын Қазақстан офтальмологтар қауымдастығының болашаққа сенімді қадам жасап, ынтымақтастыққа ашық, әрі ең заманауи технологияларды енгізуге дайын екенін тағы бір мәрте көрсетті.

● БРИФИНГ

«ДАМУ» БИЗНЕСКЕ ДЕМ БЕРЕДІ

Алматыда 20 мыңнан астам бизнес-жобаға 2,2 трлн теңге бағытталды

«Даму» қоры Алматыда 20 мыңнан астам бизнес-жобаны қаржыландырып, кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Қор ұсынған жаңа қолдау тетіктері енді ірі бизнеске де қолжетімді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласы бойынша филиал директоры Жандос Нұрғазинов мәлімдеді.

Баспасөз мәслихатында «Даму» қорының жұмыс қорытындылары мен мегаполис кәсіпкерлері үшін жаңа қолдау шаралары жайында да баяндалды.

Филиал директоры Жандос Нұрғазиновтың айтуынша, қор қолдауы арқылы бүгінде 20,4 мыңнан астам жоба іске асып, жалпы 2,2 трлн теңге қаржы бағытталған. Бұл жобалардың 85%-ы микро және шағын бизнеске тиесілі.

– Қор қолдаған кәсіпорындар бүкіл кезең ішінде 16 619,9 млрд теңгеге өнім өндіріп, ал төленген салық көлемі 1242,5 млрд теңгені құрады. 140 мыңнан астам жұмыс орны сақталып, жаңадан ашылды. Осылайша салынған әрбір 1 теңге 5 теңге мөлшерінде салық ретінде қайтарылады, – деп атап өтті Ж.Нұрғазинов.

Мегаполисте қала әкімдігімен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «Almaty Business/Jana Business» бағдарламасы



аясында шағын және орта кәсіп иелеріне жылдық 7%-бен, 7 жылға дейінгі мерзімге 100 млн теңгеге дейін несие беріледі. 2015 жылдан бастап бағдарламаға 32,5 млрд теңге бағытталды, ал ағымдағы жылы тағы 3 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Бағдарлама аясында 852 кәсіпкерге қолдау көрсетіліп, жалпы сомасы 124,9 млрд теңгеге несие берілді. Соның нәтижесінде 1214 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, бюджетке 100,7 млрд теңге салық түсті.

Спикердің айтуынша, мегаполис кәсіпкерлері үшін қолдаудың жаңа құралдары енгізілуде. 2024 жылдан бастап барлық бизнес санаттарына арналған бірыңғай кешенді бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама нарық пен әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Онда

әрбір бағыт бойынша пайыздық мөлшерлемелер 7–10% аралығында сараланады.

Жандос Нұрғазиновтың айтуынша, мемлекеттік қолдауды тиімді ету мақсатында 12,6% деңгейінде бірыңғай тиімді мөлшерлеме белгілеу ұсынылуда. Бұл бастама субсидиялау көлемін азайтып, қаржыландыруды әділ және қолжетімді етуге бағытталған.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ ірі жобаларды кепілдендіру қорлары арқылы қолдау тетіктері іске қосылды. ШОБ үшін несие сомасы 7 млрд теңгеге дейін болса, кепілдік мөлшері 85%-ға дейін жетеді. Ірі бизнес үшін кепілдік жобаның 30%-ын құрайды, ал мерзімі 15 жылға дейін белгіленеді.

Кепілдік шарттары жеңілдетілген – қайтарымсыздық және шартсыздық қағидаттары енгізілген. Бұл қаржы ұйымдарына да тиімді. Өтінім беру тәртібі де жеңілдеген. 2019 жылы іске қосылған Online-Damu платформасы арқылы өтінімдер онлайн қабылданып, қарау уақыты 21 күннен 5 жұмыс күніне дейін қысқарған.

«Даму» қоры бүгінде елдегі кәсіпкерлік экожүйенің негізгі тіректерінің бірі саналады. Қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету арқылы қор микробизнестен бастап ірі компанияларға дейінгі кәсіпорындарды барлық кезеңдерде кешенді сүйемелдеп келеді. Бұл бастамалар жұмыс орындарын көбейтуге қолайлы бизнес-ортаны дамытуға және ұлттық экономиканы әртараптандыруға ықпал етуде.

● «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ОРТАҚ МҮДДЕ

Медеу ауданында тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде

Алматыда экологиялық акция аясында кешенді көктемгі тазалық және абаттандыру шаралары өткізілуде.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

– Медеу ауданында тазалық жұмыстары «фасадтан фасадқа дейін» қағидасы бойынша іске асырылуда. Яғни бұл тек көшелерді қоқыстан тазарту емес, сонымен қатар абаттандыру, көгалдандыру және қалалық инфрақұрылымды жаңарту деген сөз. Қазірдің өзінде 100-ден астам арнайы техника мен 300-ден аса жұмысшы жұмылдырылды. Ағаштар кесіліп, арықтар тазартылып, ғимараттардың қасбеттері жуылып, көше шамдары жөнделіп, қоршаулар боялды. Тарихи орталық пен жаяу жүргінші көп жүретін аймақтарға ерекше назар аударылып отыр, – дейді Медеу аудандық көріктендіру бөлімінің бас инспекторы Баян Алишер.

Медеу ауданындағы тазалық іс-шаралары қала тұрғындары мен коммуналдық қызметтердің бірлесе әрекет етуінің жарқын үлгісі деуге болады. Қала тазалығы – әрқайсымыздың жауапкершілігіміз екенін ұмытпайық! Тазалық тек коммуналдық қызметтің мойнында ғана емес, тұрғындардың да жауапкершілігі.



✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылжан АБДУМУТАЛИЕВ, қала тұрғыны:

АУДАНЫМЫЗ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Қыста қар уақытылы тазартылып, көшелерге құм-тұз себілді. Қазір көктемде қоқыс жиналып, сырлау, ағаштарды кесу, қасбеттерді жуу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бірақ меніңше, ең бастысы – әр тұрғын өз ауласына, көшесіне жауапкершілікпен қараса, қала әлдеқайда таза әрі жайлы болар еді. Біз көршілерімізбен жыл сайын сенбілікке шығамыз. Балаларға да көшенің өз үйіміздің жалғасы екенін айтып, түсіндіреміз. Нағыз қамқорлық осыдан басталады.

Анаргүл БЕЙСЕНБЕК, «Алматы Тазалық» мердігер ұйымының қызметкері:

ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ – КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫМЫЗ

Таңғы уақыттан бастап жұмысқа кірісеміз, кешке дейін жұмыс істейміз. Көшелерді сыпырып, қоқыстарды жинап, арықтарды тазалап жүрміз. Бұл – күнделікті жұмысымыз. Адамдар қоқыс тастамай жүрсе, бұл біз үшін үлкен қолдау.



2025 жылғы 17 сәуір



КЕЗДЕСУ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, БІР БАҒДАР

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков Қазақстан-Британ техникалық университетінің мәжіліс залында Алматы қаласының мәдениет, спорт, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерімен кездесті.

Нұрлан
СҮЙІН

Сала қызметкерлерімен кездесуде әңгіме Мемлекет басшысының IV Ұлттық құрылтайдағы тұжырымдары аясында өрбіді. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының идеологияға, мәдениетке, білім беруге қатысты тұжырымдарының ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиеге негізделгендігіне маңыз берді. Сонау соғыс кезінде Маңғыстауда жатқан Мұрын жырауды алдыртып, өлмес мұра «Қырымның қырық батырын» жырлатып, жаздырып алған академик Қаныш Сәтбаев секілді ұлт жанашырларының бүгінде жетіспей жатқанын айтты. Елімізде 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып белгіленгенін атап өтті. Бар білімнің түпқазығы

кітап, ал шынайы да шындық ақпарат – газет-журналда екеніне тоқталды.

Бұдан кейін сөз алған қалалық денсаулық сақтау және спорт басқармаларының өкілдері де Мемлекет басшысының сөзінде айтылған мәселелерді қолдайтынын білдірді. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша, мегаполис басшылығының қолдауымен өз салаларында жасалып жатқан жұмыстар мен жетістіктерге тоқталды.

Жиында сөз алған Мәлік Нұржанұлы Мемлекет басшысының бүгінгі таңдағы ұстанымы мен мемлекеттік идеология бағдарларын саралады. Еліміздегі ауқымды реформалар мен Ұлттық құрылтайдағы идеялар мен бастамалар жайлы сөз қозғады. Басты бағытымыз, Президент атап өткендей, әділдік, сабақтастық, өрлеу негіздерімен үндесетіні жайлы әңгіме өрбітті. Сонау Сақ дәуірінен бастау алатын көне тарихымыздың тек көлеңкелі жақтарына ғана үңілмей, жарқын күндерімізді бағалауға, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға шақырды. Ел мүддесіне келгенде біртұтас ұлт ұғымы, бірегей халық қағидаты қашанда маңызды, қашанда биік тұруы тиіс.

Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбаев Алматы қалалық полиция басқармасында болып, полиция ардагерлерімен және қызметкерлерімен жүздесті. Жалпыұлттық құ-



Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

рылтайда көтерілген мәселелер еліміздің болашағына бағытталғанын тілге тиек еткен спикер ең басты бағдарлар қатарында – азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту, өңірлерді кешенді дамыту, жастар тәрбиесі мәселелерін қадап айтты.

Жиында қалалық Ішкі істер қызметі ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары Бауыржан Рахимов сөз алып, Ұлттық құрылтайда зерделенген мәселелердің маңызына тоқталды. Өз кезегінде Есірткімен күрес қызметінің басшысы Алматыда «Заң мен тәртіп» қағидатына сай атқарылып жатқан жұмыстардан мәлімет берді.

Жүздесуді түйіндеген Мәлік Отарбаев Алматы қаласы құқық қорғау қызметкерлеріне Мемлекет басшысының жылы лебіз-тілегін жеткізді. Кезінде ұлт зиялылары С.Сейфуллин, С.Қожанов, Т.Рысқұлов сынды қайраткерлердің күш салуымен халқымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына биыл 100 жыл толатынын атап өтті. Бүгінгі буынды осы қасиетті атауға лайық болуға шақырды. Жалпы, бұл салада қызметте жүргендердің өмірі қауіпке де, ерлікке де толы екеніне тоқталып, алда тек биіктерден көрінуге тілектік білдірді.

МЕДИАЫҚПАЛДАСТЫҚ

АҚПАРАТТЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Алматыда «Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Қырғыз ұлттық «Кабар» ақпараттық агенттігі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл маңызды құжат қос елдің медиа кеңістігін жақындастырып, ақпараттық серіктестікті жаңа деңгейге көтереді.

Салтанатты іс-шарада Қырғыз Республикасының Бас консулы Женишбек Асанкулов «Мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаровтың жетекшілігімен екіжақты байланыс барлық салада қарқын алып келеді. Бұл меморандум – бауырластықтың кезекті бір жарқын көрінісі. Алматы өңірі – Қырғыз елі үшін стратегиялық әрі рухани маңызы бар аймақ. Біз ақпарат саласындағы байланыстардың артатынына қуанамыз», – деді.

«Кабар» агенттігінің директоры Медербек Шерметалиев те бұл әріптестікті жоғары бағалап, болашақ бірлескен жобалар туралы пікір білдірді.

– Қазақстан Республикасының «Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Қырғыз ұлттық «Кабар» агенттігі өзара ынтымақтас-



тық туралы келісім жасады. Меніңше, бұл келісім екі жаққа да жемісті болады. Себебі, біз Орталық Азия өңіріндегі туысқан халықтармыз және ақпарат таратуда тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуіміз керек. Қазір өзара байланыс орнаттық, енді

жұмысымыз нәтижелі болады деп үміттенеміз, – деді Медербек Шерметалиев.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы «Ежелден еншісі бөлінбеген екі елдің БАҚ саласындағы байланысы өте маңызды.

Жаһанданған дәуірде ең жақын бауыр әрі көрші елмен әсіресе, ақпарат саласындағы бірлік, түсіністік пен қолдауды арттыру заман талабы. Бір-бірімізден үйренетін әрі бір-бірімізге үйрететін дүниелер көп», – деді.

Меморандумда бірлескен медиа жобаларды жүзеге асыру, тәжірибе алмасу, журналистерге арналған «дөңгелек үстелдер», конференциялар мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру сынды бағыттар қамтылған.

Қонақтар медиахолдингінің подкаст студиясы мен музейін аралап, ұжымның жұмыс процесімен танысты.

1937 жылы құрылған «Кабар» – Қырғызстандағы алғашқы әрі басты мемлекеттік ақпарат агенттігі. Бүгінде ол қырғыз, орыс, ағылшын, араб, түрік және қытай тілдерінде ақпарат таратады. Ол әлемнің жетекші ақпарат агенттіктерімен серіктестік орнатып, халықаралық ақпараттық кеңістікте белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Ал 2020 жылы құрылған «Alatau Aqparat» медиахолдингі – Алматы қаласындағы жетекші медиа құрылым. Оның құрамына 1936 жылдан шығып келе жатқан «Вечерний Алматы», 1988 жылдан шығып келе жатқан «Алматы ақшамы» газеттері мен aqshamnews.kz, vecher.kz және alnews.kz ақпараттық ресурстары кіреді.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Көктем келгенде – көңіл де гүлдейді. Қазір Алматының көшелері құлпырып, саябақтар жасыл желекке оранып тұр. Күннің шуақты сәтін пайдаланған жастар жұп-жұбымен серуендеп, махаббаттың маусымын сезінуде. Әрине, бұл көрініс әдемі, қоғам үшін үйлесімді. Алайда, кейде жастар ерсі қылықтарға бой алдырып жатады. Мегаполисте жастардың қоғамдық орындарда сүйісу, құшақтасу секілді әрекеттері жиілеп, әлеуметтік желілерде түрлі пікірталастар тудыруда. Қоғамдық орындарда сүйісу – сезімнің еркін көрінісі ме, әлде ұлттық мәдениетке жат, ерсі қылық па?..

Серік
ЖҰМАБАЕВ

(Сурет ғаламтөрдан алынды).

САЯБАҚТАҒЫ СЕЗІМ

Қоғамдық орындарда сүйісу еркіндік пе, ерсілік пе?

Жастар сүйіседі, қоғам күрсінеді

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі, мәдени, жастар мен шығармашылық орталығы. Ару қалада қырық рулы ел тұрады. Ауылдан келген студент жастар, креативті индустрия өкілдері, шетелдік азаматтар және заманауи өмір салтын ұстанатын жергілікті тұрғындар да осында шоғырланған. Қаланың орталық саябақтарында, жаяу жүргіншілерге арналған көшелер мен сауда орталықтарының маңында кейде жастардың бір-біріне деген ашық эмоцияларын көрсетуі жиі байқалады.

Бұл көріністер біреуге – махаббат пен еркіндіктің белгісі, ал енді біреуге – тәрбиесіздік пен ұлттық дәстүрге қайшы әрекет ретінде қабылданады. Шынында да, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында ашық жақындық көрсету ұят саналған. Қыз тәрбиесіне ерекше мән берілген, «қырық үйден тыйым» деген ұғым бекер емес. Алайда, қазіргі таңда қалалық ортада батыс мәдениетінің ықпалы күшейіп, жеке еркіндік пен эмоционалды еркіндікті ашық көрсету үрдісі байқалады.

Махаббат па, масқара ма?

Қазақы болмыс пен урбанизацияның арасындағы алшақтық Алматыда

ерекше сезіледі. Жаһандық трендтер, шетелдік мәдениетке еліктеу, TikTok, Instagram желілеріндегі контент жастар санасына тікелей әсер етуде. Бұл үрдіс әсіресе, қалада айқын. Зиялы қауым өкілдерінің сыни пікірлері де осы ахуалға байланысты болып отыр. Дегенмен, мәдениетті заңмен күштеп енгізу қиын. Сондықтан жастардың ерсі әрекетін заңмен шектеу арқылы емес, тәрбие мен қоғамдық насихат арқылы реттеу – ұзақ мерзімді, тиімді жол. Ұлттық болмысты сақтау міндетті түрде тыйым салумен өлшенбеуі керек.

Айыппұл – тиімді шешім емес. Тәртіп бұзушыға айыппұл салу көбінесе уақытша нәтиже береді. Оның орнына мәдени бағдарламалар, ақпараттық-насихаттық жобалар арқылы ұят, әдеп, жауапкершілік сынды ұғымдарды жастар санасына сіңіру әлдеқайда тиімді болады. Мысалы, саябақтар мен қоғамдық демалыс орындарында этикалық нұсқаулықтар, волонтерлік тәрбие жобалары, әлеуметтік жарнама арқылы ұлттық әдеп насихатталса, қандай тамаша болар еді...

Ашық сезімнің құны қанша?

Соңғы әлеуметтік сауалнамаларға сәйкес, Қазақстан жастарының шамамен, 60%-ы қоғамдық орындардағы жақындықты (қол ұстасу, сүйісу) қалыпты әрекет деп есептейді. Ал орта және

аға буын өкілдерінің 75%-дан астамы мұны «ұлттық құндылыққа жат» деп бағалайды.

Қазақстанда бұл тақырыпқа байланысты арнайы құқықтық шектеу жоқ. Алайда, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-бабы бойынша «ұсақ бұзақылық» – қоғамдық орында адамгершілікке жат, әдепсіз әрекет жасағандарға айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу көзделген. Бірақ бұл баптың аясында «сүйісу» нақты көрсетілмеген, оны құқық қорғау органдары өзі жіктейтін болады. Ал ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 434-бабы – «Ұсақ бұзақылық» жасағандар 5 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе 10 тәулікке қамауға алынады. 2025 жылы Қазақстанда 1 АЕК-тің құны 3932 теңгеге жетті, яғни ұсақ бұзақылық жасағандар 19 660 теңге төлейтін болады.

Мәселен, Алматы қаласының Полиция департаментінің дерегінше, 2024 жылы қоғамдық тәртіпті бұзған 12 мыңға жуық дерек тіркелсе, соның 3%-ы ұсақ бұзақылық – қоғамдық орындардағы әдепсіз қылықтарға қатысты болған. Алайда, бұл көрсеткіште сүйісу, құшақтасу секілді әрекеттер нақты жіктелмейді.

Шетелдік тәжірибе...

Кей елдерде қоғамдық орындарда сүйісуге заңмен нақты шектеулер бар. Мысалы, Малайзияда қоғамдық орындарда сүйісу үшін айыппұл салынады. Египетте бұл әрекетке тіпті екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Туристер үшін де бұл талап күшінде, полиция жиі ескерту жасайды немесе айыппұл салады. Индонезия мен Сауд Арабиясы секілді мұсылман елдерінде қоғамдық моральді

P.S:

Алматы – бүгінгі Қазақстанның мәдени бетбейнесін айқындайтын қала. Сондықтан мұнда қоғамдық тәртіп пен жастардың өзін-өзі ұстау мәдениеті ерекше болуы тиіс. Ұлттық болмыс пен заман талабын үйлестіре алуымыз керек. Бұл ретте қоғамдық орындарда сүйісу мәселесі тек тыйым салу немесе айыппұл салу арқылы шешілмейді.

Ол үшін қоғамдық санада тәртіп пен еркіндік арасында балансты тәрбиелеу керек. Әзірше бізге ең керегі – сабырлы диалог, салмақты тәрбие және ұлттық құндылықты заманауи түрде жаңғырта беруіміз қажет. Алматы осы үрдісте үлгі болуы тиіс.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан ӘЛІМБАЙҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Ұлттық моральді кім қорғайды?

Осыдан біраз жыл бұрын қазақстандық бір портал қоғамдық орындарда сүйісуге байқау жариялады. Сүйістен сайыс өткізу деген мәдениетсіздіктің, әдепсіздіктің белгісі емес пе? Мұндай анайы жобалар қоғамдық этикаға да, моральға да сай келмейтін нәрсе. Бұл қазақы ұғымға жат дүние. Егер мұндай жарысты Бельгияда, Испанияда өткізетін болса, мүмкін бұл ол жақтан қолдау табатын шығар. Бірақ біздің қоғамда бұл бастаманы ешкім қолдамайды.

Сондықтан мұндай бастамаларды қолдаудың керегі жоқ, қайта керісінше айыптап, келесі жолы мұндай жобаларды жүзеге асырмайтындай етіп тастауымыз керек. Тіптен, тыйым салып тастағанымыз жөн. Жалпы, ұрпақты азғындайтын, еліміздің ұлттық мәдениетіне, ғұрпына нұқсан келтіретін жобаларға айыппұл салып, енді қайта болмастай етіп тыюымыз қажет.

Ұлдана БАЙЖАНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

Қыздың ары жоғалса, қоғам құрдымға кетеді

Мен қоғамдық орындарда, далада, көшенің қақ ортасында тұрып, т.б. сүйісуге қарсымын. Қыз бен жігіт сүйіспесін деп тұрған жоқпын, дегенмен сәл бір өздерін ұстамды ұстаса жеткілікті. Көшенің қақ ортасында, дем алатын орындарда сүйісу – ерсі қылық. Сөз жоқ, көшеде серуендеуге, қызбен қыдыруға, дем алып сөйлесуге, әңгімелесуге болады, ол әдемі көрініс. Қолдарынан ұстасып жүргенде де ештеңе жоқ деп ойлаймын, ол махаббат.

Дегенмен, одан әрі жат қылық жасаудың керегі жоқ. «Қызға қырық үйден тыйу» деген қазақтың керемет мәтелі қайда қалады сонда? Бұған тыйым салыну керек. Тоқтату керек бұл үрдісті. Әйтпесе, мұндай бастаманың арты жақсылыққа апармайды. Егер қыздың ары жоғалса, қоғам құрдымға кетеді.

бұзғандарға қатысты қатал жаза қарастырылған. Алайда, бұл елдердің құқықтық жүйесі діни қағидаттарға негізделген. Ал Қазақстан – зайырлы мемлекет. Алматы – заманауи, ашық қала. Мұнда кез келген шектеу халықаралық құқықтар мен адам еркіндігі нормаларымен үйлесімді болуы тиіс.

Еуропа елдерінің өзінде де бұл мәселе әртүрлі шешіледі. Мәселен, Францияда, Германияда қоғамдық сүйісу – қалыпты, ал Польша мен Италияда шектеулі кеңістікте ғана рұқсат етіледі. Алайда, бұл әрекет қоғамдық тыныштықты бұзбауы тиіс: егер адам көп жиналатын жерде шамадан тыс әрекет болса, полиция ескерту жасай алады.



(Сурет ғаламтөрдан алынды).

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

қылмыстық жазаларды ізгілендіруді жүзеге асырудың маңызды тетігі

Пробация қызметі қылмыстық жазаларды ізгілендіруді жүзеге асырудың маңызды тетігі ретінде кейінгі жылдары іске қосылған сала. Басты міндеті – бас бостандығынан айырмайтын жаза қолданылатын сотталғандарды есепке алып, олардың жазасын өтеу тәртібін бақылайтын қызмет. Негізі, бүгінгі пробация қызметі кезінде қазақ даласының тәртібін уысында ұстап, тентегін тезге салып отырған билер үстемдігінің баламасы іспетті.



Нұржамал ӘЛІШ

Адасқанды жолға салу

◆ Пробация қызметінің ең негізгі мақсаты – өмір жолынан тайып кеткендерді тұтқындамай-ақ, тәрбие тезіне салып түзету.

Иә, құқық бұзғандарды шетінен көгендеп, түрмеге тоғытудан ұтқанымыздың шамалы екенін өмір өзі дәлелдеп берді. Пробация қызметі пайда болмай тұрғанда да қылмыстық атқару инспекциясы деген атаумен сотталғандарға әлеуметтік жағынан көмектесу, құқықтық көмек көрсету, сонымен қатар олардың қайтадан қылмысқа ұрынып қалмауы үшін жұмыстар жүргізіліп келді. Ал «Пробация туралы» заң қабылданғаннан кейін бұл қызметтің ауқымы кеңіп, жан-жақты жетілдіріле түсті.

Қазіргі пробацияның бақылауына қоғамдық және түзеу жұмыстарына сотталғандар, бас бостандығын шектеу және мәжбүрлі еңбекке сотталғандар, шартты түрде және жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге қатысты жазаны орындауды кейінге қалдыра отырып сотталғандар, бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде босағандар жатады. Қазіргі күні Алматы қаласының аумағында 8 аудандық пробациялық қызмет бар.

Қараусыз қалған балалар...

◆ 2025 жылдың алғашқы үш айында Алматы қаласы Қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты Пробациялық қызмет есебінен 3500-ден астам сотталған адамдар өтті. Оның ішінде 500-ден астамы әйел болса, 15-і кәмелеттік жасқа толмаған балалар.

«Пробация туралы» Заңда кәмелетке толмаған балаларға қатысты пробацияны жүзеге асыру ерекшеліктеріне терең мән берілген. Атап айтсақ, аталған жұмысты балалардың отбасын тарта отырып атқару көзделген. Негізінен, қылмысқа баратындар – қараусыз қалған, қолайсыз отбасында тәрбиеленген балалар. Заң баптарында қорғаншылық немесе қамқоршылық жасайтын органдармен және бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуге мол мүмкіндік қарастырылған.

Пробациялық бақылау қызметінің инспекторлары сотталғандарды жұмысқа орналастыру мақсатында түрлі пайдалы іс-шараларды жүзеге асырады. Өйткені, сотталғандардың жұмыспен қамтамасыз етілуі – олардың қоғамнан өз орнын тауып, дұрыс жолға түсулеріне зор ықпал етеді.

Жұмыс тауып береміз

◆ Пробация қызметінің есебінде тұрғандардың дені – отбасын асыраушылар.



Ал жоғарыда аталған заңда пробация бақылауында тұрғандарды жұмысқа орналастыруда жергілікті атқару органдарына жүктелген міндет зор.

Мәселен, жергілікті атқарушы органдар пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өкілеттіктерді атқарады. Бұл орайда қаладағы жұмыспен қамту орталықтары сотталғандар арасында бос орындар жәрмеңкесін өткізеді. Аталған жәрмеңкеде сотталғандар мамандығына немесе бұрын меңгерген кәсібіне қарай жұмысқа орналасады. Тағы бір айта кететін жәйт – пробациялық бақылау қызметінің бақылауында тұрғандар арасында өзін-өзі еңбекпен қамтып отырған 1500-ден аса кәсіпкер бар.

Бақылаудағы сотталғандарға медициналық көмек көрсету, білім алуларына жәрдемдесу, кәсіптік даярлау, қайта даярлауды жүзеге асыру, заңмен белгіленген жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді алу сияқты көмек беру жұмыстары жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оларға психологиялық көмек көрсетудің маңызы да өте зор. Өйткені, көптеген сотталған адам жазасын өтеп келгенше отбасынан, жақындарынан ажырап қалады, туған-туыстарымен арада түрлі кикілжің болады. Мұндай жағдайлардың барлығы олардың өмірге деген құштарлығын бәсеңдетіп, қайтадан теріс жолға түсуіне себеп болады. 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы есеп бойынша, 900 сотталғанға психологиялық көмек көрсетілген.

Электронды «білезік» кімге тағылады?

◆ Пробациялық қызмет инспекторлары сотталғандарды айына бір рет тұрғылықты мекенжайы бойынша тексеріп отырады, сонымен қатар сотталғандардың өздері айына екі рет Пробациялық бақылау қызметіне тіркелуге және профилактикалық сұхбатқа келіп тұрады.



Оларды бақылап отырудың тағы бір түрі – электрондық құрылғы, яғни электронды «білезік» тағу. Алматы қаласы сияқты үлкен мегаполисте әр сотталғанды көзден таса етпей бақылау мүмкін емес. Ал бұл құрылғымен сотталған адамның жүрген-тұрғанын біліп отыруға болады.

Электронды бақылау құрылғысы тек қайталап қылмыс жасауға немесе жаза өтеу тәртібін бұзуға бейім сотталғандарға ғана кигізіледі. Алайда, электронды «білезікті» шешіп, бұзып тастайтын фактілер де кездеседі. Мұндай деректер бойынша арнайы сараптама тағайындалып, қорытындысында сотталған адам келтірілген зиянды өзі төлейді. Егер төлемесе, азаматтық сот арқылы өндіріліп алынады. Төлеген күннің өзінде де Қылмыстық-атқару кодексінің 67-бабы бойынша жазаға тартылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Руслан МАҚСҰТОВ,
Алатау аудандық Пробация қызметі бөлімінің бастығы,
әділет майоры:



Қылмысты жұмыссыздар жиі жасайды

Алматының Алатау ауданында 400 мыңға жуық тұрғын бар. Қаланың шеткері жағы болғандықтан негізінен ауылдан көшіп келіп, қоныстанған тұрғындар шоғырланған. 23 ықшамауданы бар Алатау ауданында 700-ден аса сотталған пробациялық бақылау қызметінің есебіне алынған.

Сотталғандардың қылмыстық ісін сараласақ, негізінен – денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа немесе ауыр зиян келтіру, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе талан-таражға салу, ұрлық, тонау қылмыстары. Осындай қылмыстарға баратындардың өміріне үңілетін болсаңыз, көбісі жұмыссыз жастар. Сол жұмыссыздардың уақытша қиындыққа шыдамай, яғни алды-артын ойламай қылмысқа баратыны, сөйтіп болашағына балта шабатыны күйзелтеді. Сондай-ақ, алаяқтығы үшін сотталатындар да жиі кездеседі. Мысалы, біздің Пробациялық бақылау қызметінің есебіне алынғандар көбі осы алаяқтық пен ұрлық үшін сотталғандар. Қылмыстық кодекстің 296-бабымен, яғни есірткі, психотроптық заттармен заңсыз жұмыс істеу қылмысымен сотталғандар да жиі кездеседі.

Жанбота САЙПИЛМУЛИК,
Алмалы аудандық Пробация қызметі бөлімінің бастығы,
әділет капитаны:



Жұмысты ұйымдастыру – біліктілікті талап етеді

Алмалы аудандық пробациялық бақылау қызметінде 200-ден астам сотталған пробациялық бақылауға алынған. Сотталғандармен жұмыс істеудің қиыншылығымен қатар жауапкершілігін айтпағанда, пробациялық бақылау бөлімінің жұмысын ұйымдастыру да біліктілікті талап етеді. Жұмыс үрдісін күнделікті қадағалау, жеке құрамның тиімді жұмыс істеуі үшін маңызды шешімдер қабылдау сияқты жұмыстар бөлім бастығына екі есе жауапкершілік жүктейді.

Мысалы, мен басқаратын бөлімде 20 сотталған әйел бақылауға алынған. Әрине, әйел-аналардың қылмысқа ұрынбағаны абзал ғой. Дегенмен, ол қандай жағдай болмасын – әйел. Оның жаны нәзік. Сондықтан мен инспекторлармен үнемі әйел адамға ең бірінші сотталған деп емес, ана немесе нәзік тұлға ретінде қарау керек деген мағынада әңгімелер өткізіп отырамын.



КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ҰСТАХАНАСЫ

Алматы көлік және коммуникациялар колледжіне – 95 жыл!

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі – сонау Түркісіб теміржолы салынған жылдардан бері еліміз үшін мыңдаған теміржол мамандарын даярлап келе жатқан қара шаңырақ, бүгінде сапалы білім мен сұранысқа ие кадрлардың ордасы.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Атаулы датаға орай колледжде ерекше мерейтойлық іс-шара ұйымдастырылып, жаңа «Көлік, коммуникациялар және логистика» өңірлік құзыреттіліктер орталығы мен оқу орнының тарихынан сыр шертетін мұражайдың тұсауы кесілді. Салтанатты жиын Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен өтті. Жиынға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, әлеуметтік серіктестер мен қаламыздағы өзге де мемлекеттік колледждердің директорлары және БАҚ өкілдері қатысты.

МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ

Мерекелік жиында колледж директоры Ербол Жароллаұлы Мағазов құттықтау сөз сөйлеп, жаңа орталықтың маңыздылығын атап өтті:

– Колледжіміздің 95 жылдық мерейтойы аясында құзыреттілік орталығының ашылуы – біз үшін үлкен жетістік. Бұл орталық тек студенттерге ғана емес, оқытушылар мен сала мамандарына да кәсіби білімін шыңдауға жол ашады. Заманауи оқу жабдықтарымен жабдықталған аталмыш орталықта қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қысқа мерзімді курстар өткізу жоспарланған. Басты мақсатымыз – еңбек нарығының сұранысына сай, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау, – деді колледж директоры Ербол Жароллаұлы.

2021-2022 оқу жылында «Жас маман» жобасы аясында құны 185 миллион теңге тұратын заманауи оқу құрал-жабдықтары – оның ішінде ТЭЗЗА тепловозының тренажер кабинеті орнатылып, оқу үдерісіне енгізілді. Бұл – колледждің техникалық базасының заманауи талаптарға сай екенін көрсетеді.

ТАРИХТАН ТӘБӘРІК

Колледждің бай тарихы мен болашаққа жол сілтейтін мұрасын сақтау мақсатында арнайы мұражай ашылды. Мұнда оқу орнының өткені мен жетістіктері, елге қызмет еткен тұлғалары жайлы құнды деректер мен жәдігерлер жинақталған. Бұл – болашақ мамандар үшін шабыт, тарих үшін – құнды қазына.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Колледждің 2014 жылғы түлегі, қазіргі таңда жылжымалы құрам бөлімінің меңгерушісі Нұргүл Дарханқызы жаңа мұражайды қонақтарға ерекше ықыласпен таныстырып, әрбір жәдігердің тарихын әсерлі жеткізді: «Білім ордасы жеті мамандық бойынша білікті мамандар даярлайды. 95 жыл ішінде оқу ордасын 80 мыңнан астам түлек тәмамдады. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, Қазақстан экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Бұл мұражай – тек өткеннің естелігі емес, болашаққа жол сілтейтін тағылымды тарих».

САҢЛАҚТАР ТҮЛЕП ҰШҚАН ОРДА

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі осы күнге дейін 60 мыңнан астам білікті маман даярлаған. Түлектерінің арасында елімізге белгілі басшылар, сала ардагерлері мен үздік инженерлер бар. Соның ішінде – Әсет Мұханбетов, Айдын Сатыбалдин, Серік Ибрагимов, Асем Шыныбаева, Бағдәулет Абызбаев сынды ма-

мандар бүгінде теміржол және білім саласындағы түрлі құрылымдарда басшылық қызмет атқаруда.

Колледж дуалды оқыту жүйесін, кәсіптік тәжірибе мен білімді ұштастыруға басымдық береді. Заманауи талаптарға сай оқытушылар құрамы мен өндірістік шеберлер бірлесе отырып, болашақ мамандарды тек біліммен ғана емес, өмірлік дағдылармен де қаруландырып отыр.

Алматы көлік және коммуникациялар колледжі – өткеннің өнегесін ұлықтап, болашаққа нық қадам басқан білім ордасы. 95 жылдық тарих – тек сандар ғана емес, онда мыңдаған тағдыр, еңбек пен жетістік жатыр. Жаңа орталықтар мен бастамалар арқылы колледж алдағы ғасырды да сеніммен қарсы алатынына күмән жоқ.

Салтанатты жиында колледж студенттері концерттік бағдарлама әзірледі. Жас өнерпаздар ән шырқап, би билеп, колледждің гимнін зор мақтанышпен орындады. Кеш қонақтары колледж ұжымына Алғыс хаттар табыстап, естелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын ұсынды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұхит СМАҒҰЛОВ,
өндірістік оқыту шебері:

ЗАМАНАУИ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Бізде теміржол учаскесінің нақты макеті жасалған. Бұл жерде студенттер пойыз қабылдау, жөнелту, бағдаршамдар мен бағыттамааларды басқару сияқты жұмыстарды толықтай орындайды. Автобұғаттау, микропроцессорлық жүйелер секілді заманауи басқару құрылғылары қолданылады. Мұндай толыққанды макет Қазақстанда тек біздің колледжде ғана бар.

Леонид БОЙКО,
арнайы пәндер оқытушысы:

АРНАЙЫ ТРЕНАЖЕР САЛАНЫ ТОЛЫҚ МЕНГЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Мен – теміржолшы отбасынан шыққан колледж түлегімін. Қазіргі заманғы электровоздар 25 мың вольттық кернеумен жұмыс істейді. Колледждегі тренажер студенттерге пойызды жүргізу, тежеу және қауіпсіздік шараларын толық меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары да үйретіледі.

Нұрлан ИБРАЙЫМ,
А-3-1 тобының 3-курс студенті:

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ ҮЙЛЕСКЕН

Мен WorldSkills жарысында «Автоматшы» және «СТВ құрылғыларын жөндеу және монтаждау» бағыты бойынша бірінші орын иелендім. Әлбетте, бұл – колледжде алған сапалы білім мен өндірістік тәжірибенің нәтижесі. Неге десеміз, мұнда кәсіби білікті ұстаздардан үйреніп, заманауи жабдықтармен жұмыс істеу мүмкіндігі бар. Өз мамандығымды қиын болса да қызық, болашағы бар сала деп санаймын. Барлық жағдай жасалған бұл оқу орны – шын мәнінде білікті маман болуға жол ашатын керемет мүмкіндік деп есептеймін.

Артем ЕМЕЛЬЯНОВ,
Т-3-1 тобының 3-курс студенті:

ДИНАМИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМА ҚОЗҒАЛЫСТЫ ТОЛЫҚТАЙ ҚАЙТАЛАЙДЫ

Біздің колледждегі тепловоз кабинетінің тренажері – нағыз локомотивтің дәл көшірмесі. Мұнда машинист пен оның көмекшісіне арналған орындар, басқару тетіктері – барлығы шын. Бұл тренажер динамикалық платформада орналасқан, яғни қозғалысты толықтай қайталайды. Қазақстанда мұндай тренажер тек екеу – біреуі Астанада, екіншісі біздің колледжде. Бұл – үлкен мүмкіндік.

БІЛІМ НАРЫҒЫ

НАҚТЫ КӘСІБИ ДАҒДЫ – уақыт талабы

2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жариялануы қоғамдағы еңбек адамының орнын бағалауға, техникалық және кәсіптік білімнің маңызын терең түсінуге ерекше көңіл бөлу керектігін айқындап бергендей. Сонымен қатар, жылдар бойы көлеңкеде қалып келген жұмысшы мамандықтары енді ашық алаңға шықты. Қоғамның назары аталмыш салаға ауып, оның тамырына қан жүгіре бастады.

Бүгінгі еңбек нарығы күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Әсіресе, цифрландыру, автоматтандыру, жаңа технологиялар өндірістік процестерді кеңінен түрлендіріп жатыр. Дегенмен, адам еңбегінің құндылығы әлі де жойылған жоқ. Керісінше, заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс істей алатын, нақты кәсіби дағдысы бар мамандарға деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Осы ретте біздің еліміз де кәсіптік білім мен техникалық мамандықтарға айрықша стратегиялық мән беріп отыр.

Қазіргі таңда елімізде 800-ден астам колледж жұмыс істейді. Олар құрылыс, энергетика, машина жасау, агросектор, қызмет көрсетудің түрлі салаларына мамандар даярлап жатыр. Бұл мамандықтардың барлығы бұрын да, қазір де еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Сондықтан мемлекет бұл бағытты қолдап, техникалық және кәсіптік білімді тегін беруге, шәкіртақымен қамтамасыз етуге, тәжірибеге бағытталған дуалды білім беру жүйесін енгізуге барынша күш салып отыр.

Соңғы жылдары жастар арасында жұмысшы мамандығын таңдауға айрықша көңіл бөліне бастады. Бұл ең алдымен олардың жүрек қалауы, сосын уақыт ұту. Шыны керек, көптеген жастарымыз тезірек маман болып, отбасына қолұшын бергісі келеді. Өзі де бір мамандықты игеріп, маман болсам дейді.

Еңбек адамы: өзгелердің өнегесі

Жаһандағы табысты елдердің көпшілігінде жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс жоғары, ал кәсіптік білім – болашақтың кепілі. Кәсіптік-техникалық мамандық иелері нақты дағдысы арқылы еңбек нарығында өз орнын еш қиындықсыз-ақ тауып келеді.

Әлемдік тәжірибеде еңбек адамына арналған ұлттық бағдарламалар мен арнайы күндер кеңінен таралған. Мәселен, Германия мемлекеті – кәсіптік білім жүйесінің эталоны деп саналады. Оларда мектеп бітірген түлектердің 50%-дан астамы кәсіптік бағытты таңдайтын көрінеді. Дуалды білім беру моделі (оқу мен өндірістік тәжірибе қатар жүреді) бүкіл әлемге үлгі. Бұның басты себебі – бұл елде үкімет кәсіптік білімді мемлекеттік деңгейде насихаттайды. Қолдау көрсетіп, оның дамуына жағдай жасайды. Мамандар жұмыссыз қалмайды. Жалақысы да жоғары.

Еңбекқор халық саналатын жапондықтар да жұмысшы мамандықтарына аса құрметпен қарайды. Жапонияда – еңбек этикасы ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Мұнда жұмысшы мамандықтары жоғары дәрежеде бағаланып, әрбір зауытта өз ісінің шеберлерін дәріптейтін арнайы марапаттар мен дәстүрлер жалғасып келеді. Тіпті, бір мамандықты әулетімен жалғас-



тыру үрдісі қалыптасқан. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяда да осы үрдіс 1996 жылдан бастап қолға алынып келеді. Бұл елде «Жұмысшы күні» жыл сайын ұлттық деңгейде атап өтіледі. Бұл күні еңбек адамдарына құрмет көрсетіліп, оларға арнайы мемлекеттік сый-ақылар беріледі. Оларда да еңбек адамы мемлекет үшін ең құрметті, қадірлі саналады.

Дамыған мемлекеттердің көш басында тұрған Сингапур мен Финляндияда да кәсіби білім мен жұмысшы мамандықтарын ел дамуының негізі деп қабылдайды. Мәселен, Финляндияда «Skills Finland» ұлттық қозғалысы арқылы жас мамандардың беделі өте жоғары сапта тұр.

Қоғамдық сана, еңбекті дәріптеу

Қоғамда техникалық мамандықтарды дамыту үшін тек білім жүйесін жетілдіру жеткіліксіз. Бұл үшін ең алдымен қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруі тиіс. Неге десеңіз, жұмысшы мамандықтарын таңдаған жас өзін кем сезінбеуге тиіс. Яғни жұмысшы болудан ұялмауы керек. Керісінше, оның бұл таңдауы оның жауапкершілігі мен өмірлік бағытын көрсететін абыройлы жол болуы керек. Бір қуанарлығы, қазіргі таңда елімізде жұмысшы мамандықтары туралы оң пікір қалыптаса

бастады. Осы орайда БАҚ, кино, әлеуметтік желілер маңызды рөл атқаруы тиіс. Жалаң жарнама болмауы керек. Бізде күні кешеге дейін жұмысшы мамандықтары жеткілікті деңгейде дәріптелмей келді. Мемлекет қолдап отырған биылғы жылы бұл салаға қатысты көркем және деректі фильмдер, ток-шоулар, мотивациялық жобалар мен басқа да іс-шаралар саны артуы тиіс.

Әсіресе, мектептерде еңбек туралы ашық әңгімелер жүргізіліп, колледж түлектерінің табысты өмір жолдары туралы ақпараттар кеңінен таратылуы қажет. Жұмысшы мамандықтарын таңдаған жастар – қоғам үшін нағыз үлгі болуы тиіс. Сондықтан 2025 жыл осы түсінікті тереңдете түсуі керек. Өйткені, бұл тек экономикалық қажеттілік емес, ұлттық мәдениеттің, адами құндылықтың өзегі. Осынау бастама арқылы мемлекет жастарды бағыттап қана қоймай, еңбек адамына деген жаңа құрмет дәстүрін қалыптастыруды көздеп отыр.

СӨЗ ТҮЙІНІ:
«Жұмысшы мамандықтары жылы» ұлттық идеологияға айналуы тиіс қозғалысқа айналғаны жөн. Еңбек адамының абыройын арттыру, кәсіптік білімнің беделін көтеру, қоғамдағы көзқарасты өзгерту – бәрі осы жылдың нақты нәтижесі болуы тиіс.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анарбек НҰРЫМБЕТОВ,
Алматы технология және флористика колледжінің директоры:
Жұмысшы – мәртебелі мамандық

Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру – қоғамда еңбек адамының қадірін арттыру, оның кәсіби біліктілігін шыңдау, жұмысшы қарым-қабілетін жан-жақты бағалау арқылы жүзеге асатын сан салалы үдеріс. Бұл міндетті шешу үшін кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру, біліктілікті арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекақы мен әлеуметтік кепілдіктерді көбейту, жұмысшы мамандықтарын жаңарту, мән-маңызын кеңінен насихаттау, мемлекеттік, қоғамдық, жергілікті деңгейде қолдау көрсету сынды кешенді іс-шараларды жүйелі жүргізу қажет.

Мемлекет басшысы: «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі» деп атап көрсетті.

Жұмысшы мамандар – кәсіби білім алған, өз мамандығын терең меңгеріп, дағыланған азаматтар. Айталық, арнайы оқып, білім алмайынша кез келген адам дәнекерлеуші секілді мамандық иесі бола алмайды. Демек, кәсіби білім алу арқылы белгілі бір мамандықты шебер игерген адамды жұмысшы мамандық иесі дейміз. Ал еңбек адамы дегеніміз, ең алдымен, таза жұмыс істейтін адам! Өзінің табысын маңдай терімен таба-тын, жанын салып жұмыс істейтін адам – еңбек адамы! Ол – аула сыпырушы бола ма, малшы бола ма, еден жуушы бола ма, бәрібір. Елімізде маңдай терін салып жұмыс істеген әрбір адам, әрбір жұмысшы мамандығы қадірлі болуы тиіс!

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАН ДАЯРЛАУ

Елімізде жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталып отыр.

Бұл жобаны жүзеге асырудағы негізгі қадамдардың бірі, әсіресе, дуальды білім беру аясында бизнес пен колледждер арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту екені анық.

Алмалы ауданындағы №55 мектеп ұжымы қаламыздағы Сән және қызмет көрсету колледжінің ұжымымен кездесті. Кездесу барысында бүгінгі күні еңбек нарығындағы қажетті мамандықтар туралы кеңінен айтылды. Жиналғандар қай саланы белсенді дамыту керек, жастарды кәсіпкерлік қызметке баулу, кәсіпкерлікке қажетті дағдылары меңгеру, жастарға берілген мүмкіндік пен соны қалай дұрыс пайдалану керектігі жайында пікір алмасты. Афина Владимирқызы жетекшілік ететін ПС 23-16 тобының студенттері өздерінің авторлық салаты «Шобский» тағамын жасау мен үйдің құймағын пісіру, жеміс турау, шаш сәндеу үлгілері бойынша шеберлік сынып көрсетті. Ал Айда Танатанқызы жетекшілік ететін 24-6 тобының студенттері этностильді топтама бағдары аясында әртүрлі ұлттар мен дәуірлердің элементтерін біріктіре отыра, сән үлгілерін көрсетті.

Бұл іс-шара – біліктілігі жоғары мамандарға деген сұранысты арттыруға тамаша мүмкіндік берді. Мұндай кездесулер, тәжірибе алмасулар жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ қызмет көрсету саласы үшін орта буын еңбек нарығында жоғары білікті және сұранысқа ие мамандарды даярлауда, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандардың көбеюіне ықпал етпек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле НАРИМАНҚЫЗЫ,
№55 жалпы білім беретін мектеп директоры:

Маңызды кезең

Техникалық және кәсіптік білім беру саласының мамандарын таңдау үшін биыл маңызды кезең туып отыр. Сол үшін біз де өз тарапымыздан биылғы мектеп бітіргелі отырған түлектердің жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттыруға себепкер болып отырмыз. Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбексүйгіштікті, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жететін нағыз жұмысшы мамандықтарын насихаттаймыз.

Жақында Алматы сән және қызмет көрсету колледжінің өндірістік оқыту шеберлері мен студенттері мектебімізге арнайы келіп, тігін өндірісі, аспаздық және шаштараз ісі туралы теориялық білімдерін тәжірибе арқылы көрсеткен еді. Оқушылар қызығушылық танытып, көкейіндегі сұрақтарын қойды, өздеріне қажетті ақпарат-кеңестер алды. Бұл да мамандық таңдауға жасалған оң қадамның бірі.



КЕШЕН

АРЕНАЛАРДА ӘР СПОРТШЫ ЖАТТЫҒА АЛАДЫ

2024 жылдан бастап Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен ірі спорттық нысандарды қаланың балансына қайтару жұмыстары басталды. 2024 жылы «Almaty Arena» және «Halyk Arena» көпфункционалды кешендері коммуналдық меншікке өтті.

Бұл мұзды бөлу тетігін ашық түрде ұйымдастыруға және барлық санаттағы спортшылар үшін ареналарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Нысандар берілгеннен кейін олардың пайдаланылуына кешенді аудит жүргізілді. Қазіргі уақытта мұз уақытын бөлу жүйесі кәсіби спортшыларға, спорт мектептерінің тәрбиеленушілеріне, секциялар мен ұлттық құрама мүшелеріне басымдық беретіндей етіп реттелді. Мұндай тәсіл елдің болашақ чемпиондар буынын тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ, ұлттық құраманың дайындық жағдайын қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Кездесуде мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Михаил Шайдоровтың халықаралық жиындар мен жарыстар арасындағы кезеңдерде Алматыда жүрген уақытында «Halyk Arena» базасында жеке жаттығу өткізу мүмкіндігімен

қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Бұл оның туған қаласында жеке дайындығы мен спорттық формасын сақтау үшін қолайлы жағдай жасайды.

Алматы әкімдігі қаланың спорт инфрақұрылымын дамыту мен жаңғыртуға кешенді тәсілін іске асырып келеді. Биыл Орталық стадионды халықаралық стандартқа сәйкестендіре отырып, оның сыйымдылығын 35 мың орынға дейін арттыру арқылы қайта жаңарту жұмыстары басталады. Сонымен қатар, «Медеу» биік таулы мұз айдынының инженерлік инфрақұрылымын жаңарту, мұз сапасын арттыру және сырғанау маусымын ұзарту бағытында жаңғырту жүргізіледі. Одан бөлек, жасанды интеллектпен жабдықталған SmartICE жүйесін енгізу, жаңа қоғамдық кеңістіктер құру арқылы Медеуді жыл бойы жұмыс істейтін әлемдік деңгейдегі спорттық-туристік орталыққа айналдыру көзделіп отыр.

Бұған қоса, соңғы үш жылда қалада алты жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды, ал биыл тағы төрт кешеннің құрылысы басталады. Бұл шаралардың барлығы өскелең жас спортшылардың дайындығы үшін заманауи әрі қолжетімді жағдай жасауға және Алматыда бұқаралық және кәсіби спортты жүйелі дамытуға бағытталған.

ӘЛЕМ КУБОГИ

Қазақстан құрамасының өкілі Милад Карими Хорватияның Осиек қаласында өткен Әлем кубогының кезеңінде жеңіске жетті.



(Сурет: olympic.kz)

АЛМАТЫЛЫҚ АТЛЕТТЕР ҮШ ЖҮЛДЕ ЖЕҢІП АЛДЫ

Ол кермедегі жаттығу бағдарламасының финалында қарсыластарына дес бермеді. Карими төрешілердің шешімімен 14.666 ұпай жинады. Финалда екінші орынға Израиль спортшысы Александр Мякинин (14.433), ал үшінші са-тыға қытайлық Чени Се (14.300) жай-ғасты.

Осылайша жерлесіміз бұл Әлем кубогының кезеңінде екінші жүлдесіне қол жеткізді. Ол бұған дейін еркін жаттығуларда үшінші орын иеленген еді. Атап айтқанда, төрешілердің шешімімен 13.966 ұпай жинап, Әлем кубогы кезеңінің қола жүлдегері атанды. Еркін жаттығуда Израиль спортшысы Артем Долгопят мен АҚШ өкілі Ивай Юнносукке отандасымыздың алдын орады.

Еске салайық, Милад былтыр Париж-

де өткен жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, онда еркін жаттығу сайысының финалында 5-орынға табан тіреген болатын. Одан бір жыл бұрын, 2023 жылы ол еркін жаттығуда әлем чемпионатында қола медаль иеленген.

Сонымен қатар, Осиек қаласында өткен жарыста Нариман Құрбанов қола жүлдеге ие болды. Гимнаст ат снарядындағы жаттығудың финалында сәтті өнер көрсетіп, шешуші бағдарламада 14.233 ұпай жинады. Нәтижесінде ол армениялық Гамлет Манукян (14.633 ұпай) мен қытайлық Тяньлун Гаодан (14.400 ұпай) кейін үшінші болды.

Айта кеткен жөн, 2024 жылы Париж Олимпиадасында Нариман ат үстіндегі жаттығуда күміс жүлде жеңіп, тарихи нәтижеге қол жеткізді.

ЖАРЫС

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде жазасын өтеуші жасөспірімдер арасында «Ұлттық спорт және ат спорты түрлері спорт клубының» қолдауымен ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті.

Нұржамал
Әліш

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР сергектік пен салауаттылық нәрі



Ұлттық ойындар – сергектік пен салауаттылық нәрі. Алматы қаласы Спорт басқармасы ұйымдастырған іс-шараға қатысушылар асық атудан, 16 кг гір тасын көтеруден, арқан тартудан және тоғызқұмалақ ойнаудан жарысты.

Асық ату спортының жаттықтырушылары Рауан Тоқтарбай, Архат Сейітқожанов балалармен топтық ойындар өткізіп, жеңімпаздарды анықтады.

Гір тасын көтеру жаттықтырушысы Ернар Әбиқожа және тоғызқұмалақтан Берік Сембаев, арқан тартыс ойынын қадағалаған Ермұхан Шарқабаяв та қызықты ойындар өрнегін көрсете білген жастарға қызықты кеш сыйлады. Жеңімпаздарға Алматы қаласы Спорт басқармасының мақтау қағаздары табысталды.

асық ату, дәстүрлі садақ ату, жекпе-жек, құсбегілік, тоғызқұмалақ, қазақ күресі сынды ұлттық ойындар да бар. Ұлттық спорт дегенде – ұлттық рух, мәдениетіміз бен дәстүріміз еске түседі. Жалпы, кейінгі жылдары елімізде ұлттық спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Жастар арасында ұлттық

спорт түрлерін насихаттау – басты мақсат. Гір көтеруге білек күші, тоғызқұмалақ ойнауға зеректік, ал асық атуға дәлдік, мергендік керек. Балалар колониясында да спортты сүйетін, бас бостандығынан айырылса да салауатты өмір салтын ұстанатын осындай сергек жастардың көптігіне қуандық.

ФУТБОЛ

ЛЕГИОНЕРЛЕРГЕ БЮДЖЕТТЕН ҚАРЖЫ БӨЛІНБЕЙДІ

Қазақстанда көп уақыт бойы «мемлекеттің қаражаты есебінен шетелден пайда іздеп келген легионерлер, яғни жалдамалы спортшыларды қаржыландыру қаншалықты дұрыс» деген сұрақ талқыға түсіп жүрді. Әсіресе, бұл футболға қатысты айтылып жүрді. Бірақ осы аптада бұл мәселенің нүктесі қойылды.

Алдымен, өзге елден уақытша келген спортшыларға қаржы бөлуге тыйым салатын заң жобасы Парламенттің екі Палатасында қолдау тапты. Одан кейін Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Ол бойынша енді шетелдік легионерлерді бюджеттен және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салынды.

Сондай-ақ, заң мемлекеттің дене шынықтыру және спорт саласын дамыту саясатын жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда:

– Уәкілетті орган басым спорт түрлерінің республикалық және өңірлік тізбесін әзірлейді, жоғарғы жетістіктер спорты түрлерінің тізімін және оларды бюджет есебінен қаржыландыру тәртібін айқындайды.

– Басым спорт түрлері халықаралық аренада қол жеткізген нәтижелерге қарай бекітіледі. Бұл – Олимпиада,

Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия, Паразия ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлері, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері.

– Спорт федерацияларын аккредиттеуге қатысты ережелер жетілдірілді. Енді олар ұлттық және жергілікті спорт федерациялары болып бөлінеді.

– Бұдан былай бюджет қаражаты тек төрт бағытқа: жоғарғы жетістіктер спортына, оның ішінде спорттың басым түрлеріне, мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметіне, бұқаралық спортқа, спорттық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалды.

– Заңға «спорттық даярлықтың ұлттық стандарттары» ұғымы енгізіледі. Соған сәйкес, спортшыларды төл та-ным-түсінігімізге сай тәрбиелеп, олардың бойына дәстүрлі құндылықтарды сіңіруді көздейтін бірыңғай даярлау стандарты әзірленеді.

– Уәкілетті органға допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін шара қабылдау өкілеттілігі беріледі.


Әзірлеген
Досбол АТАЖАН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рауан ТОҚТАРБАЙ,
Асық ату спортының
жаттықтырушысы:

Мәдениет пен дәстүр
сабақтастығы

Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубының құрамында тек ат спорты ғана емес,



Ерлік елге – мұра, ұрпаққа – ұран!

ЖЕҢІС ЖОЛЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

(деректер мен дәйектер)



Адамзат тарихына Екінші дүние-жүзілік соғыс атауымен енген, ал сол кезеңдегі КСРО бойынша сан миллион-даған адамның өмірін жалмаған ең сұрапыл соғыс аталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске биыл – 80 жыл!

- Бұл мерейтой – тек салтанатты іс-шара немесе тарихи оқиға ғана емес, ол – халқымыздың рухы мен бірлігінің дәлелі, өшпес мәңгілік даңқ шежіресі. Өткенге тағзым, ерлікке құрмет, келешекке аманат.
- Бұл – майдан даласында от пен оқтың ортасында фашизмге қарсы күрескен, болашақ үшін жан қиған боздақтардың қайсар ерлігі мен тылдағы халықтар бірлігінің ерен еңбегін еске алатын қасиетті де киелі дата.

1941–1945 жылдары Кеңес Одағының құрамындағы барлық халықтар, оның ішінде Қазақ елі де Отан қорғауға жұмылды, талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Соғыстың ауыртпалығын тек ер-азаматтар ғана емес, әйелдер де, тіпті балалар да теңдей көтеріп, тылда тынымсыз еңбек етті. Майданда қайсарлықпен соғысқан боздақтарымыз да, ұрыс даласына оқ-дәрі, азық-түлік, киім-кешек дайындауға көмек көрсеткен қыз-келіншектер мен «соғыс балалары» да – өз заманының нағыз батырлары еді. Бүгінгі ұрпақ сол ерлікті ұмытпай, бейбіт күннің, тәуелсіз елдің бағасын білуі керек. Бейбіт өміріміз – сол жауынгерлеріміз бен тыл еңбеккерлерінің арқасы. Отан – Ананы қорғаудағы ерен ерлік жемісі – Жеңіс мерекесі күллі адамзаттың ортақ мейрамына айналып отырған тұста, осынау қастерлі күнді жақындатудағы қазақстандықтардың рөлін айқындау, ұлтымыздың оған қосқан үлесін ұлықтап, зерделеу елге – мұра, ұрпаққа – ұран болар тағылымды бағдарымыз болуы тиіс. Осы қағидат аясында біз бүгіннен бастап газетіміздің әр санында қолда бар тарихи деректер мен дәйектерге сүйене отырып, Ұлы Жеңіс жолының жалпы мәліметтерімен қоса, соғыс жылдарының қазақстандық шежіресінен мағлұматтар жариялап отыратын боламыз.

1939 жылғы 1 қыркүйек – 1945 жылғы 2 қыркүйек

- Екінші дүниежүзілік соғысқа 64 мемлекет, 1 млрд. 700 млн. адам қатысқан. Бұл Жер тұрғындарының төрттен үш бөлігі тартылған деген сөз.
- 110 млн. адам қолға қару ұстаған. Бұл – Бірінші дүниежүзілік соғысқа қарағанда 40 млн. адамға артық.
- Соғыста қаза болғандардың жалпы саны 50 млн.–ға жуық адам (бұл Бірінші дүниежүзілік соғыстан 5 есе көп).
- Кеңес Одағы 26 млн.–нан астам адамынан айырылды (кейбір деректе – 30 млн.).

Ұлы Отан соғысы және ҚАЗАҚСТАН

• Ұлы Отан соғысы жылдарында

(Жалғасы бар).



Панфилов дивизиясы жасақталған ғимарат.
Алматы қаласы Байтұрсынов–Шевченко көшелерінің қиылысы

Қазақстан жерінен майданға 1 миллион 200 мыңнан астам жауынгер аттанды. Бұл сол кездегі ел халқының төрттен бір бөлігіне жуық. Солардың тең жартысы ұрыс даласынан оралмады (600 мыңнан астам адам).

• **Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстанда әскери бөлімдер құрыла бастады. Майданға Қазақстаннан 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар аттанды.**

• **Брест қамалын 7000 кеңес әскері қорғаса, оның мыңға жуығы Қазақстаннан барған жауынгерлер еді.**

• **Генерал-майор М.В.Панфилов бастаған 316-атқыштар дивизиясының сапындағы жауынгерлердің негізгі бөлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен болатын. Алматыда 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы (бұрынғы Панфилов дивизиясы) жасақталды. Панфиловтың дивизиясы Мәскеу түбінде жауды тоқтатып, аңызға айналған ерлік көрсетті. «Панфиловшылар» тек Алматының емес, бүкіл қазақ халқының рухын, батырлығын әлемге танытты, қазақстандықтар ерлік пен табандылықтың символына айналды. Панфиловшылардың «Отан үшін, Мәскеу үшін!» деп ұмтылған ерлігі соғыс шежіресіне алтын әріптермен жазылды.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

■ Қазақстандықтар Брест қамалынан Берлинге дейін ерлік көрсетті. Кеңес Одағының Батыры атағын 500-ден астам қазақстандық иеленді, олардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова секілді ержүрек батырлар бар.

■ Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

■ Днепр үшін шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас «Кеңес Одағының Батыры» атанды.

■ Кеңес Одағы батырларының қатарында мерген Әлия Молдағұлова, пулеметші Мәншүк Мәметова, атты әскер Бақытжан Қаратаев, атқыштар Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Сергей Лутфиллин, Мин Сен Юр, артиллерист Серікбай Мүткенов, Иван Новиков, ұшқыш Нұркен Әбдіров, минометші Қарсыбай Сыпатаев, сапер Петр Гончаров, жазушы, әдебиет зерттеушісі Мәлік Ғабдулин және тағы басқалар бар.

■ 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы панфиловшы, полковник Бауыржан Момышұлына берілді.

■ Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев, капитан Борис Чупрета, минометші А.Бақтыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаев бар.Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденінің иегері атанды. 2001 жылы оған «Халық қаһарманы» атағы берілді.

■ Ұлы Отан соғысы жылдары 3500 қазақстандық партизан отрядтары қатарында болды. Олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысты. Қасым Қайсенов, Сәтімбек Төлешов, Ғалым Омаров, Тоқтағали Жанкелдин, Әди Шәріпов, Ғалым Ахмедияров, Нұрым Сыдықов сынды батыр партизандармен қатар Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова есімді қазақ қыздары да жау әскеріне қарсы күресті.

■ Тарихшылар мәліметіне сүйенсек, Франция, Бельгия, Италия аумағындағы партизан құрылымдары қатарында 180 қазақстандық болған. Шайқаста көрсеткен ерліктері үшін қазақстандық партизандар әртүрлі мемлекеттік марапаттарды иеленді. Ал А.С.Егоров пен Ф.Ф.Озмительге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

ТЫЛ АРДАГЕРІ

Алматының апортын майдандағы қазақстандық жауынгерлерге жеткізген Әбейбек Жұматаев жайлы не білеміз?

Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына – 80 жыл! Ұлы Жеңіс жолындағы аталарымыздың, аналарымыздың майдандағы және тылдағы ерліктері ешқашан ұмытылмауы тиіс, ұрпақ жадынан шықпауы керек.

**«Бәрі де майдан үшін,
бәрі де жеңіс үшін!»**

Сонау Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында майдан қасіретіне шарпылмаған шаңырақ жоқтың қасы болатын. Қаншама әйел жесір, қаншама сәби жетім қалды, мыңдаған елдімекендер, қалалар қирап, жермен-жексен болды. Жауынгерлер алдыңғы шепте зұлым жаумен арпалысып жатқанда тылдағы еңбеккерлер де қарап жатпай, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен жанқиярлықпен еңбек етті.

Рас, соғыстағы басты тұлға – солдаттар. Олар туралы қаншама кітаптар жазылып, көптеген фильмдер де түсірілді. Алайда, жауынгерлерді қару-жарақпен, азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету үшін тылдағы зауыттарда, фабрикаларда және егіс алқаптарында күн-түн демей, жан аямай еңбек етіп, жеңісті жақындата түскен миллиондаған адамдардың ерен ерлігі туралы көп айтыла бермейді. Соғыс жылдары тылда жүріп, Жеңіс жолында ерен еңбек үлгісін көрсеткен сондай еңбеккерлердің бірі, менің атам – Әбейбек Жұматаев еді.

Ұжымдастыру науқаны

Ол 1886 жылы Алматы облысы, Қырбалтабай ауылында дүниеге келген, әкелері бай-бақуатты адамдар болған. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін жер-жерде Кеңес өкіметі орнап, адамдарды күштеп ұжымдастыру науқаны басталады. Жергілікті белсенділер бай-ауқатты адамдардың мал-мүлкіне қырғидай тиіп, күштеп тәркілеуді бастап кетеді. Көнбегендердің алдын абақтыға жауып, соттап, жер аударады. Тыныш, бейбіт жатқан ел сасқанынан жан-жаққа бытырай қашып, басы ауған жаққа үдере көшеді.

Бұл – сол 1927–1930 жылдары болса керек. Атам ол кезде 40 жас шамасында болуы керек. Жұрт малдарын айдап, жүктерін атарбаға тиеп, жан сауғалап, Шелек пен Шарын өзендері арасында орналасқан Көкпет жазығы арқылы Қытай аспақ болады. Алайда, Қызыл Армия солдаттары оларды қуып жетіп, кері қайтарады. Сөйтіп, ел осы қазір өзіміз мекендеп отырған Тұздыбастау ауылына келіп тұрақтайды. Содан іле-шала жаппай ұжымдастыру науқаны басталып кетеді. Атам Әбейбек жаңадан құрылған «Социалды» ұжымшарына қатардағы мүше болып кіреді. Ұжымшар басында мал өсірумен, егін шаруашылығымен айналысып, кейіннен оған қоса жеміс, көкөніс өсіруді де қолға алады. Ол кісі еңбекқорлығының, пысықтығының, еті тірілігінің арқасында көп ұзамай тауарлы сүт фермасының меңгерушісі болып бекітіледі.

Сталиннен Алғыс хат алған еңбеккер

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде жасы 50-ге таяп қалған атам ұжымшардағы атақты апорт алмасын өсіретін бригаданың жетекшісі екен. Ұжымшар еңбеккерлері Мәскеу түбінде



шайқасып жатқан қазақстандық жауынгерлерге сыйлық ретінде 2 вагон апорт алмасын дайындайды. Оны жеткізіп, тапсыратын топтың жетекшісі болып Әбейбек Жұматаев тағайындалады. Алма бақтарынан жиналған, жәшікке салынған алмалар Алматы теміржол вокзалына жеткізіліп, жүк вагондарына тиеледі.

Күзгі мезгіл, қазан айы болса керек, күн салқындап қалған кез. Еңбеккерлердің сәлемдеме ретінде жауынгерлерге арналған сыйлығын дер кезінде бүтін және сақталған күйде жеткізу – басты міндет. Теміржолмен бірінші кезекте әскери жүктер, қару-жарақ және әскери адамдар тиелген эшалондар жіберілетіндіктен, алма тиелген жүк вагондары Мәскеу қаласына 20 күн дегенде жол жүріп жетеді. Атам серіктерімен бірге жол-жөнекей сол алма тиелген вагонда қона жатып, жәшіктегі алмалардың жай-күйін бақылаумен болады.

Күздің қара суығын, азынаған желді елемей, жәшіктердің бәрін жауып, қымтап алмаларды аман-сау жеткізіп, алдыңғы шепте соғысып жатқан бөлімшелердің жауынгерлеріне өз қолдарымен салтанатты түрде тапсырады. Әбейбек Жұматаев пен оның қасындағы серіктеріне Бас қолбасшы И.С.Сталиннің қолы қойылған Алғыс хаттар тапсырылады.

Соғыс аяқталған соң 1946 жылы Талғар ауданы, Калинин ұжымшарының алдыңғы қатарлы бір топ озат еңбеккерлері «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Өкінішке орай, құнттамағандықтан Алғыс хат та, медальмен оның куәлігі де жоғалып кетіпті. Біз, ұрпақтары, Алматы облыстық архивінен атамыз Әбейбек Жұматаевтың осы медальға ұсынылғандығы және берілгендігі туралы анықтама мен құжаттарды таптық.

Әбейбек атамыз 1974 жылы 88 жасында дүниеден озды. Атамыздың жары, әжеміз Күнипа 13 құрсақ көтерген жан. Ашаршылықтан, одан кейінгі қиын-қыстау кезеңдерде олардың біразы шетінеп, үшеуі ғана аман қалады. Ең үлкені – менің әкем Елтай Әбейбекұлы Жұматаев 1932 жылы туған, әкемнің інісі, кіші әкем – Ертай

Әбейбекұлы Жұматаев 1946 жылғы, әпкем – Әлила Әбейбекқызы Жұматаева 1950 жылы дүниеге келген. Атамның сол ұл-қыздарынан өсіп-өнген ұрпақтары осы күні өз алдына оншақты шаңырақ болды.

Мен 1958 жылы туғанмын. Әбейбек атамның түр-түсі, кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, бәрі де есімде. Ол кезде мен 15-16 жас шамасындағы есі кіріп қалған бозбаламын. Атам ұзын бойлы, атжақты, қарулы, бүркіт қабақты, еңгезердей ірі кісі еді. Тағдырдың тәлкегін қанша көрсе де, қиындыққа мойымайтын қайсар жан болған. Қиын-қыстау кезеңдерде өзінің адами жақсы қасиеттерін жоғалтпаған, иманды кісі ретінде танылған. Зейнетке шыққан соң, 5 уақыт намазын оқып, мұсылман ретінде Алла алдындағы парызын өтеген. Ол кезде атеистік идеология үстемдік құрғандықтан, ауылда мешіт болмаған. Атам әр жұма сайын Алматыдағы қазіргі Орталық мешіттің орнындағы ескі мешітке келіп, жұма намазына үзбей қатысып отырған.

**«Өлі разы болмай,
тірі байымайды»**

Әрине, Ұлы Отан соғысы кезінде тыл еңбеккерлеріне оңай болған жоқ. Ер-азаматтар майданға кеткен соң, олардың орнын жасы келген қарт кісілер, әйелдер, буыны қатпаған балалар басты. Шаруашылық басшыларына, жетекшілеріне, бригадирлерге оларды жұмысқа жұмылдыру аса зор жауапкершілікті талап етті. Атам өзінің адалдығымен, әділдігімен және мейірбандылығымен әрбір еңбеккердің көңілін таба білді. Қатал болатын кезде қатал, талапшыл бола білді. Қажет кезінде қиналғандардың маңдайынан сипап, мейірбан да бола білді. Өйткені, уақыт талабы солай болды. Отан тағдыры қыл үстінде тұрғанда босаңсуға болмайтын еді.

Атам жұрт есінде қамқор, қайырымды, әділ, шыншыл жан ретінде қалғанын талай замандастарынан естідік. Соғыс жылдарында Сталиннің пәрменімен жер аударылған кавказ халықтары Қазақстанға да келді. Солардың біраз бөлігі аталған Калинин ұжымшарына да қоныстанды. Сонымен бірге, ұжымшар аумағына ұйғыр ағайындар да орналасады. Туған жерінен, тұрған үйлерінен айырылған көңілдері жарымжан, жандары жаралы адамдарды жатсынбай, қолұшын созып, қамқорлық танытқан жандардың бірі – менің атам Әбейбек Жұматаев болған. Сол кісілердің аузынан атам жайлы жылы лебіздерді өз құлағыммен талай естіген болатынмын. Олар көздеріне жас ала отырып, атамның қайырымдылығы туралы көп айтатын. Жағдайлары өте нашар кісілерге жұрттан жасырып, уыстап бидай береді екен. Ол кезде бір уыс бидай үшін талай адамдар сотталып кеткен. Соған қарамастан, атам басын қатерге тіге отырып, ол адамдарға көмектесуді өзінің адамгершілік борышы ретінде санаған.

Қолға қалам алып, осы мақаланы жазудағы басты мақсатым – атам Әбейбек Жұматаевтың кешегі 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ерен еңбегін сөз ете отырып, өскелең ұрпақтың бойында өткенге деген құрметті, аталар мен ағаларымыздың есімдерін ардақ тұту сезімдерін қалыптастыру, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. Халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген даналық сөз бар. Сондықтан да ел басына күн туған, ер етікпен су кешкен замандағы аға буын өкілдерінің тек майдандағы ғана емес, тылдағы ерен ерліктері де ұмытылмаса екен дегім келеді.

Сабыр ЖҰМАТАЕВ.

35А, 169 үйлер; «Алтын бесік» шағынауданы: 1, 1А, 2, 2А, 3, 5, 6, 7, 8, 10, 11А, 13, 14, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 33, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 52, 55, 56, 57, 60, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 70, 71, 72, 74, 75, 76А, 76, 79, 80, 81, 84, 88, 89, 91, 92, 94, 95, 98, 99, 101, 106, 107, 109, 110, 111, 112А, 113, 114, 115, 125, 126, 131, 133, 138, 139, 140А, 140, 143, 145, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 163, 164, 165, 167, 168, 169, 170, 170/1, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 194, 195, 196, 197, 198, 200, 201, 202, 203, 207, 207А, 209, 210, 210/1, 212, 213, 214, 214А, 218, 219, 220, 220А, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 231 үйлер; Мырзабеков көшесі «Алтын бесік» шағынауданы: 4 үй; Райымбек батыр даңғылы: 540/8, 540/10, 540/13, 540/12 үйлер; «Достық» шағынауданының Сәдуақасов көшесі: 4, 4А, 6, 8 үйлер; «Достық» шағынауданының Сейхұн көшесі: 3, 3/1, 6, 7, 7А, 8, 9, 10, 10/1, 11, 12А, 12, 13, 14, 15Б, 16, 18, 20, 22, 24А, 26, 30А, 30Б, 36, 46 үйлер; «Достық» шағынауданының Тәуке хан көшесі: 1, 3, 4, 13 үйлер; «Достық» шағынауданының Ташкент көшесі: 1, 1А, 2, 2А, 3, 4, 4А, 4/2, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 12А, 13, 14, 14/1, 15, 17А, 17Б, 17, 18, 18/1, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 25, 27, 28, 28Б, 28А, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 39, 40, 41, 41А, 43, 45, 47, 49, 57, 61 үйлер; «Алтын бесік» шағынауданының Токпанов көшесі: 1, 1А, 1/1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 21 корпус 1, 22, 23, 30, 32, 32А, 33, 33/1, 33/2, 34, 34А, 34Б, 34Б корпус 1, 35, 35 корпус 1, 36, 39, 41, 42, 44, 46, 47, 48, 49, 51, 52, 53, 53/1, 55/1, 55, 56, 58, үйлер; «Достық» шағынауданының Трудовая көшесі: 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22А, 22, 24, 26, 28, 32, 34, 36, 38, 40, 44, 46, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64А, 64, 66, 66А, 68, 70, 72, 74, 76/4, 84, 88, 90, 90/1 үйлер; «Алтын бесік» шағынауданының Шанин көшесі: 2, 2А, 4, 7, 8, 10, 11, 14, 17 үйлер; «Достық» шағынауданының Фарида Шаріпова көшесі : 2/35, 3, 4, 5, 6 үйлер; «Достық» шағынауданының Яссауи көшесі: 3, 5, 5 корпус 1, 6, 8, 8/38, 56 корпус 1 үйлер.

№208 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 29/18 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№202 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр-7» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8/1, 8/2, 8/3, 9, 10, 11, 11А, 12, 12А, 13А, 14, 14А, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21А үйлер; «Мамыр-1» шағынауданы: 1, 2, 2/3, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 19, 20 үйлер.

№209 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 29/18 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№173 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр-1» шағынауданы: 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 21/2, 26/1 корпус 1, 26/1 корпус 2, 26/1 корпус 3, 26/1 корпус 4, 27 үйлер; «Мамыр-2» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлер.

№210 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 21 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№173 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр-2» шағынауданы: 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 19, 20 үйлер; «Мамыр-3» шағынауданы: 1, 2, 2А, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17/1, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлер.

№211 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 29/18 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№202 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр» шағынауданы: 5 үйлер; «Мамыр-4» шағынауданы: 1А, 2А, 2, 3, 3А, 3Б, 4, 4А, 5, 6, 7, 7А, 8, 8А, 9, 9А, 10, 11А, 12, 12Б, 13, 13А, 13Б, 14, 15, 15А, 15/2, 16А, 17, 18А, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 53А, 53/1, 54, 55, 56, 57, 58А, 60, 61, 62А, 62, 63, 64, 65, 66, 69, 70, 71, 73А, 73, 74, 75, 76, 78, 79, 80, 82, 83, 83А, 83Б, 83Б, 83Г, 83/4, 84, 85, 85А, 85Б, 86, 86А, 86Б, 87, 88, 90, 90А, 90Б, 90В, 90Д, 90Г, 92, 95А, 95, 96, 97, 98, 100, 100/2, 100/3, 101, 102, 102/4, 102/3, 102/5, 102/6, 102/10, 102Б, 104, 104А, 104/7, 105, 106, 107, 107А, 108, 109, 110, 111Г, 111Д, 111Е, 111Е корпус 1, 111Ж, 111/2, 111/3, 116/5, 111/6, 112, 113, 114, 115, 116, 116/1, 116/3, 116/4, 116/6, 116/7, 116/7А, 116/8, 116/9, 117, 117/1, 117/2, 117/3, 118, 119, 120, 120А, 121, 121А, 124, 125, 131, 132, 133, 136, 137, 138, 139, 141, 143А, 143, 144, 144Б, 144А, 145, 145А, 145Б, 145В, 148, 149А, 149, 150А, 150, 151, 151А, 153, 155А, 155, 156, 157, 158А, 158, 162, 163, 165, 166, 167, 176, 177, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 188, 188А, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 198, 198А, 200, 200А, 200Б, 201, 202А, 203, 203А, 204, 205, 206, 206А, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 216, 218, 220, 293, 294, 295, 296, 297, 299, 300, 301, 301А, 302, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310 үйлер; «Мамыр-5» шағынауданы: 5 үй.

№212 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-7» шағынауданы, 8А үй, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Шанырақ» әлеумттік қызмет орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: жабық.

№213 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр» шағынауданы, Степная көшесі, 8 үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№158 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Тауғұл» шағынауданының Заречная көшесі: 2 үй; «Тауғұл» шағынауданының Керуентау көшесі: 2/1, 3, 5, 6/2, 6, 7, 9, 11, 12, 12А, 13, 14, 16, 18, 18А үйлер; «Жазира» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 12/1, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20Б, 20, 21, 22А, 22, 23, 24, 25А, 25, 26, 27, 28А, 28, 29, 30, 31А, 32, 33, 34, 34А, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46А, 46Б, 47Б, 47 үйлер; «Мамыр» шағынауданы: 1Б, 1, 12А, 18 үйлер; «Тауғұл» шағынауданы: 16/1,10,13 үйлер; «Шабты» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10А, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17Б, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 69 үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Пролетар көшесі: 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15/3, 16, 17, 18 үйлер; «Мамыр» шағынауданының Бақша бульвары: 1/7, 2, 3, 4, 5 үйлер; «Мамыр» шағынауданының Солнечный өткелі: 1, 1Б, 1В, 3, 4, 6, 10, 12, 12А үйлер; «Мамыр» шағынауданының Спортивная көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 17 үйлер; «Мамыр» шағынауданының Степная көшесі: 1/1, 2, 4 үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Тайбурыл көшесі: 1, 6, 7, 8, 10, 11А, 14 үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Тойбастар көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 8/1, 9, 10, 11, 12, 13, 14А, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26 үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Школьная көшесі: 2, 4, 11, 21, 25, 26, 27, 28, 28А, 29А, 31, 35, 38, 46, 47, 47А, 52, 223 үйлер.

№214 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Степная көшесі, 8 үй, «Мамыр» шағынауданы, Алматы қаласы білім басқармасының «№158 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр» шағынауданының Афинао көшесі: 1, 2, 3, 3А, 4, 4 корпус 1, 4 корпус 2, 4 корпус 3 үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Қоржын көшесі: 1Б, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 26 үйлер; «Алмас» шағынауданы: 1, 2, 3, 3А, 4, 4/1, 5, 6, 7, 8, 8Б, 9, 11, 11А, 12, 13, 14, 15А, 15, 16, 16/5, 17, 18, 19, 20, 20Б, 20А, 21, 21А, 21Б, 22А, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28А, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48А, 49, 50, 51, 52А, 52, 53, 54, 55, 56, 57А, 57, 57Б, 58, 60, 60А, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 73А, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 95, 96, 97, 98А, 99, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 109, 110, 111, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 133А, 134, 135, 136, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 152, 153, 154, 155, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 167А, 168, 168 корпус 1, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 181А, 182, 183, 184А, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 194А, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 212, 214, 215, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 233, 235, 236, 237, 238, 238/1, 239, 240, 241, 243, 244, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261 үйлер; «Тауғұл» шағынауданы (Мамыр): 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 49, 196, 747 үйлер; «Тауғұл» шағынауданы, Тауғұл көшесі: 2, 5, 6, 8, 9, 19, 431, 537, 736, 765 үйлер.

№215 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қуаныш» шағынауданы, 58 үй, «Ғалым» Қазақ ұлттық гимназиясы мемлекеттік емес мекеме ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Тауғұл» шағынауданының Аманжол көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 18А, 34, 40А үйлер; «Атамекен» шағынауданы: 1, 2, 3, 5, 6, 7А, 7, 11, 12, 12А, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 25, 25А, 25Б, 26, 27, 29, 30, 32, 33, 33/1, 34, 35, 36, 38А, 38, 39, 40, 41, 41/1, 41А, 41Б, 42, 42А, 44А, 46, 49, 50, 51, 54, 55, 55А, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 64, 66, 67, 68, 68/1, 69, 69А, 70Б, 70, 71, 71А, 72, 72А, 73, 75, 75/1, 76, 77, 80, 83, 83А, 84, 85, 85Г, 86, 90, 93, 93А, 95, 97, 98, 99А, 100, 101, 103, 105/1, 108, 109, 111, 112,

113, 114, 115, 119, 121, 122, 123, 124, 125, 127, 128, 130, 131, 132, 133, 135, 136, 136А, 138, 139, 140, 140А, 141, 142, 143, 144/1, 145, 146, 147, 149, 149/1, 150, 150/1, 151, 151А, 152, 152/1, 153Г, 154, 156Е, 157, 157А, 158, 159А, 161, 162, 163, 164, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 176, 177, 178, 179, 180, 182, 182А, 183, 186, 187, 188, 188/1, 188/2, 189, 191, 194, 197, 198, 203, 204, 206, 207, 208, 209, 210, 212, 213, 214, 216, 217, 218, 219, 223, 224, 225, 225А, 226, 226/1, 227, 228, 232, 233Б, 233, 234, 234/1, 235, 238, 239, 241, 241А, 241/1, 242/7, 242, 243, 244, 245, 250, 257, 258, 262, 265, 266 үйлер; «Дубок-2» шағынауданы «Тауғұл» шағынауданы: 19, 21, 29, 35, 44, 75, 95, 98, 112, 128, 136А үйлер; «Қуаныш» шағынауданы: 1А, 2, 3, 4, 5, 7, 7Б, 7Е, 7/4 7В, 7Д, 7/5, 8Б, 8Б, 8Д, 8Е, 8/3, 10, 11, 11Б, 12, 12Б, 13, 14, 16, 17А, 17/6, 17/7, 17/11, 18, 20, 21, 24, 26, 28, 29, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 49, 52, 54, 57, 59, 60, 61, 63, 65, 66, 67, 69, 70, 71, 72, 73, 73А үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Мұстай Кәрім көшесі: 1А, 8Б, 11Б, 15, 17, 18, 20А, 23, 24, 30, 38, 53 55, 67, 68, 72, 73 үйлері; «Тауғұл» шағынауданы Тауғұл көшесі ,10 үй; «Тауғұл» шағынауданының Цветочная көшесі: 1, 1Б, 1Г, 1Д 1Ж, 1/2, 1/3, 1/4, 1/7, 1/8, 1/16, 1/19, 1/20, 1/21, 1/22, 1/24, 3, 7, 9, 11, 100, үйлер; «Тауғұл» шағынауданының Ықылас көшесі: 1, 1А, 1Б, 1Б, 2, 3, 3А 5, 6, 6А, 6/2, 6Г, 7, 7А, 7Б, 7Д, 7Е, 7/2, 8, 8А, 8Б, 8Б, 8Е, 8/1, 8/2, 8/3, 9, 10, 51 үйлер.

№554 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мамыр-1» шағынауданы, 21/1 үй, «Халықаралық көліктік-гуманитарлық университет» мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Мамыр-1» шағынауданы: 29, 29/1, 29/2, 29/3, 29/4, 29/5, 29/6, 29/7, 29/8 үйлер; «Мамыр-4» шағынауданы: 311, 312, 313, 314, 315 үйлер.

№565 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Достық» шағынауданы, Сәдуақасов көшесі, 27 үй, Алматы қаласы білім басқармасының «№153 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: «Достық» шағынауданының Ақ көгершін көшесі: 1/37, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9А, 10, 11, 11А, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27А, 28, 29, 29/1, 30, 30А, 31, 31Б, 32, 33, 33 корпус 1, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53А, 53, 54, 55, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 65А, 66, 67, 67/1, 68, 70, 71, 72, 73, 74, 76, 78, 80, 82, 86 үйлер; «Достық» шағынауданының Қарахан көшесі: 1, 1А, 3, 4, 5, 5/1, 6, 7/33, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13А, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24 корпус 1, 25, 26, 27, 28, 29, 29А, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 44А, 45, 46, 47, 47А, 48, 50, 51, 52, 53, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 76А, 78 үйлер; «Достық» шағынауданының Қарғалы көшесі: 4, 4 корпус 2, 6, 8, 8А, 9, 9 корпус 1, 10, 11Б, 12, 13А, 13, 14, 14А, 15А, 16, 17, 20, 22, 26, 26А, 28, 28А, 29, 32, 34, 35, 36 үйлер; «Достық» шағынауданының Кемеңгер көшесі: 1, 2, 3, 4, 4/3, 5, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27А, 27, 28, 29, 30, 31, 31А, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 46А, 47, 49, 50, 51, 52, 53, 53А, 53Б, 54, 55, 56, 57, 57А, 57Б, 57Д, 58, 60, 60 корпус 1, 62, 64, 65, 66, 66/1, 66/2, 67, 70 үйлер; «Достық» шағынауданының Манат көшесі: 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 6А, 6 корпус 1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12/13, 13, 14, 15, 16, 16А, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 28, 29, 29А, 30, 31, 31А, 32А, 32, 33А, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45А, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53А, 53Б, 54, 55, 56, 57, 57А, 57Б, 57Д, 58, 60, 60 корпус 1, 62, 64, 65, 66, 66/1, 66/2, 67, 70 үйлер; «Достық» шағынауданының Манат көшесі: 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 6А, 6 корпус 1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12/13, 13, 14, 15, 16, 16А, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 26А, 28, 29, 29А, 30, 31, 31А, 32А, 32, 33А, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45А, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 16 сәуірдегі
№2/262 -559 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін
жер учаскелерін алып қоюға байланысты
жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, 2025 жылғы 18 ақпандағы №1-К қызметтік хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Алматы хайуанаттар бағы» КМҚК қайта құру үшін Алматы қаласының Медеу ауданындағы Есенберлин және Орманов көшелерінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің 2025 жылғы І тоқсандағы бойынша
камералдық бақылау нәтижесі

2025 жылдың І тоқсанында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті жалпы сомасы 514,4 млрд. теңгені құрайтын 12 354 Мемлекеттік сатып алу рәсіміне камералдық бақылау жүргізді.
Тексеру барысында 94,8 млрд. теңге сомасына байланысты бұзушылықтарды жою туралы 820 хабарлама жіберілді.
Анықталған бұзушылықтарды талдауда ең көп кездесетін проблемалар:
– жұмыстарды орындау стандарттары мен мерзімдерін көрсетпеу;
– сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қысқаша сипаттамасын орналастырмау;
– демпингтің дұрыс емес белгісін анықтау;
– заңнамада көзделмеген жағдайларда модельдерді, тауар белгілерін және қызмет көрсету белгілерін көрсету және басқа да бірқатар осындай бұзушылықтар.
Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алуды жүзеге асырған жағдайда тапсырыс берушілер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚР Заңының 16-бабында көзделген тиісті негіздерсіз бұл әдісті таңдауға жиі жол береді.
Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, лауазымды тұлғаларға қатысты хабарламалардың орындалмауына және тиісінше орындалмауына жауап ретінде 94 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды. Бұл шаралар лауазымды тұлғалардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтау жауапкершілігін арттыруға және келешекте заң бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.
Департамент бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу арқылы мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылауды белсенді жүргізуді жалғастыруда. Заңнама нормаларын түсіндіруге және сатып алуды жоспарлау және өткізу сатысында қателіктердің алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстарға ерекше назар аудартылады.
Мемлекеттік сатып алудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында Департамент тапсырыс берушілерге заңнаманы неғұрлым мұқият зерделеуді, конкурстық құжаттаманы дұрыс құрастыруды және бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларға уақытылы ден қоюды ұсынады.

ТАНЫМДЫҚ КЕШ

БАЛАЛАР
КОЛОНИЯСЫНДАҒЫ БАСҚОСУ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерге қазақтың ат әбзелдері, ер-тұрманы таныстырылды.

Істі болып, түзеу мекемесінде отырған жастарға танымдық, рухани кеш сыйлаған – Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейінің ғылыми-зерттеу магистрі Ақжігіт Нүсіп. Өнер өкілі балаларға қазақ атамыз пайдаланған ат жабдықтарының хронологиясы, типологиясы, әдіс-тәсілдері және көркемдік негіздері туралы айтып берді. Тақырыпқа қызығушылық танытқан жастар музейден келген қонаққа түрлі сауалдар қойды.

– Рухани құндылықтарымызды насихаттайтын осындай кездесулер жасөспірімдердің эстетикалық талғамын арттырады, өткенін қадірлеуге, тарихты білуге жетелейді деп білеміз. Біз оларға қайткен жағдайда да жақсы күндерден күдер үзбеуіне, әлі де өмірін түзеуге мүмкіндік барын ұғындырып, осындай танымдық кештер арқылы білімін, зердесін ашуға көмектесеміз, – дейді №11 мекеме бастығы, әділет полковнигі Алмат Сүлейменов.

Нұржамал ӘЛІШ.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы Алматы қаласы бойынша әкімшілік құқықтық статистиканың жай-күйі

2025 жылғы 3 айдың қорытындысы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы 27 161 552 838 теңгеге әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылған 1 347 950 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның ішінде 11 225 797 147 теңге өндіріліп алынды.

Салынған соманың ең көп пайызы ішкі істер органдарына түседі. Осылайша ағымдағы жылы 3 ай ішінде полиция органдарымен жалпы сомасы 13 416 018 798 теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен 1 344 300 әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде 9 246 991 456 теңге (68,9%) өндіріліп алынды.

Мемлекеттік кіріс органдарымен жалпы сомасы 1 927 635 044 теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен 1356 әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде 1 748 514 159 теңге (90,7%) өндіріліп алынды.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен жалпы сомасы 50 675 396 теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен 111 әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде 35 613 870 теңге (70,2%) өндіріліп алынды.

Төтенше жағдайлар органдарымен жалпы сомасы 13 696 050 теңге айыппұл түріндегі жазалау шарасымен 64 әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде 3 420 840 теңге (24,9%) өндіріліп алынды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынған айыппұл туралы мәліметтерді қайдан және қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық порталында өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпаратты ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлмен келесі мемлекеттік ресурс арқылы (*qamqor.gov.kz. және egov.kz*) онлайн-режимде танысуға және оларды өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, «Айыппұлдар туралы біл» бөлімін таңдап, әрі қарай «Өз айыппұлдарың туралы біл» батырмасын басып, керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама ЭЦҚ-мен расталған және ресми құжат болып табылады.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды үкімет» порталы арқылы Egov.kz сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдары іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» функционалын қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері туралы қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге болады, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан (*пошта қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданғаннан кейін*) күннен бастап 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Ол үшін бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

Айыппұлды төлегеннен кейін, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі.

Егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда, айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, ҚР ӘҚБтК-нің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Оны qamqor.gov.kz., eotinish.kz және egov.kz порталдары арқылы онлайн-режимде жолдауға болады.

Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері тартылады.

Алайда, ҚР ӘҚБтК-нің 31-бабы 2-тармағына сәйкес, егер көлік құралының меншік иесінің (иесінің) хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

А.ҚЫЛХОДЖАЕВ,
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.
#Заң_мен_Тәртіп

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КӨРМЕ

ИНЕМЕН КЕСТЕЛЕНГЕН БЕЙНЕЛЕР

Алматының рухани-мәдени жүрегі – Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде белгілі қолөнер шебері, суретші Тұрбай Мұратбектің «Сағыныштың түсі» атты көрмесі ашылды. Экспозицияға инемен кестеленген 40-тан астам жұмыс ұсынылған.



Нұржамал ӘЛІШ

Оның туындыларынан балалық шаққа деген сағынышты және жан-дүниесін тербеген түрлі эмоциялар жиынтығын сезінуге болады. Суретшінің кескіндеме және кесте өнерінің түрлі әдіс-тәсілін жетік меңгергендігі байқалады. Әсіресе, «Инемен кесте» атты авторлық тәсілі бейнелеу өнеріндегі негізгі туындыға айналған: құрылымы мен түстік түзілімін түрлі-түсті жіптер арқылы ойнатып, кескіндемелік жолақтарды, кескіндердің өзін аса дәлдікпен кесте арқылы

көрсеткен. Жалпы, суретші өнері – гобеленнің кестелі нұсқасы десек, қателеспеспіз. Мұратбектің бұл әдісі – көп уақыт пен шыдамдылықты талап етеді, оны «инемен құдық қазғандай» деп бейнелесек те артық болмас. Көркемөнердің ішінде балалық шаққа арналған тақырыптар жан-дүниенің тазалығын талап етеді. Суретшінің әр туындысы дәл сол тазалыққа толы сәттерді көзі-қарақты көрерменге жеткізуге ұмтылған. Өнер өкілінің сол мақсатына жеткендігін осы көрмеден аңғаруға болады.

Тұрбай Мұратбек – сезімтал және еңбекқор суретші. Ол Алматыда дүниеге келген. О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжін, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын тәмамдаған. 2012–2016 жылдар арасында Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінде тағылымдамадан өткен. Бүгінде өзі білім алған Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінде ұстаздық қызмет атқарып жүр. Бірнеше оқу құралының авторы.



◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақжігіт НҮСІП,
музейдің ғылыми қызметкері, көрме кураторы:

Бұл – дәстүрлі өнерді ұлықтау тәсілі

Өнеріне арқау еткен тақырыбындағы сюжеттерінің басым бөлігі балалық шақты еске салады. Мысалы, «Көлеңкедегі үн» туындысында жас баланың көлеңкеде гитара шертіп отырған, уайымсыз, қамсыз бейнесі көрсетілген. Кейіпкердің психологиялық түр-сипаты – арманға толы жас өмірдің керемет естелігі. Дәстүрлі тәрбие мен жаңа буынның үйлескен сәтін туындының екінші планында түскііз бен оның айналасындағы құрақ көрпелері арқылы шебер байланыстырған.

Екі дәуір өкілдерінің кездесу сәтін «Ой толғау» атты шығармасынан көруге болады. Үстел үстінде тілдескен егде тартқан қария мен оған қарама-қарсы отырған жасөспірім қыздың бейнесі – осы екі дәуір өкілдерінің символын көрсетеді.

Жаймашуақ бақша аясындағы атасы мен немеренің тілдесуі – балалық шаққа саяхаттың бір көрінісі. Суретші туындыларының тағы бір ерекшелігі – кескіндемелік сюжет бола тұра, кестенің түп тамыры ретінде дәстүрлі ою-өрнектерді міндетті түрде қолданады. Бұл – дәстүрлі өнерді ұлықтаудың ерекше әдісінің бірі болса керек. Тақырып аясында жан-дүниеге тыныштық сыйлайтын тұрмыстық өмірдің көріністері, адам санасында қалып қойған ностальгиялық сәттерді шынымен де еске түсіреді.

РУХАНИЯТ

«ӨРЛЕУ»

өнер додасына 8 елден 134 талантты жас биші қатысты

Алматыда дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Өрлеу» хореографиялық оқу орындарының IX халықаралық байқауы өз мәресіне жетті.



Рая ЕСКЕНДІР

Байқау Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және Алматы хореографиялық училищесінің ұйымдастыруымен өтті. Биылғы өнер додасына 8 елден 134 талантты жас биші қатысты. Олар «Классикалық би», «Халық биі» және «Заманауи хореография» аталымдары бойынша бақ сынады. Бұл байқау 2008 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Оның басты мақсаты – дарынды жастарды анықтап, олардың кәсіби деңгейін көтеру, сонымен қатар классикалық, ұлттық және заманауи би өнерін насихаттау. Байқауға қатысушылар тек техникалық шеберлігін ғана емес, би арқылы терең ой мен эмоцияны жеткізу қабілетін де көрсетті. Көрермендер әр қойылымнан табиғат көріністері мен адам болмысын бейнелейтін нәзік образдарды көріп, рухани әсер алды.

Биылғы байқауда қазылар алқасы Ресей, Оңтүстік Корея, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан, Моңғолия және Өзбекстаннан келген бишілердің өнерін бағалады. «Өрлеу» байқауы 2019 жылы Халықаралық балеттік байқаулар фе-

дерациясының толыққанды мүшесі ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілді. Бұл байқаудың халықаралық мәдени кеңістіктегі беделін айқындайтын маңызды жетістік. Жеңімпаздар үш номинация бойынша анықталып, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. «Өрлеу» байқауы би өнеріне жан бітіріп қана қоймай, халықаралық достық пен мәдени байланыстың алтын көпіріне айналып отыр.

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тоғжан КӘРМЕНОВА,
Алматы хореографиялық училищесі
директорының орынбасары:

Жастарда биге деген қызығушылық бар

Қазіргі таңда «Өрлеу» халықаралық деңгейде танымал байқауға айналды. Биыл алғаш рет Моңғолиядан келген бишілер қатысты. Байқау барысында қатысушыларға кәсіби шеберлік сабақтары өткізіліп, шығармашылық пікір алмасулар ұйымдастырылды. Бұл жас бишілердің тек сахнада ғана емес, өнер ортасында өз орнын табуына мүмкіндік береді. Жастардың биге деген қызығушылығы күн санап артып келеді. Мәселен, біздің училище түлектері – Бахтияр Адамжан мен Малика Елшібаева қазіргі таңда балет өнерінің белді өкілдері саналады.

